


Сот төрелігі

Қалкөз Жүсіп



Сот төрелігі

Құқықтық демократиялық қоғамда барлық даулы мәселелер сот арқылы шешімін табады. Осыған орай, азаматтардың құқығын қорғауда сот төрелігінің атқарар міндеті мен оған жүктелер жауапкершілік молая түспек.

Жыл өткен сайын сот қарайтын істер қатары көбейіп, судьяларға жүктелер міндет ауырлап келе жатқанын статистикалық деректерге көз жүгіртсек анық бағамдаймыз. Қаралатын істер саны ғана емес, судьяға жүктелер жауапкершілік те барған сайын ауырлап барады. Соған байланысты, судьяның қателесуге қақысы жоқ деген түсінік берік орнығып келеді. Осының бәрі судьялардың жұмысының қаншалықты ауырлығын, жауапкершілігінің үлкендігін анық байқатады.

Біз өмірімізде бір немесе бірнеше рет кездесетін аса ауыр бақытсыз жағдайларды судьялар күнде көріп, соның куәсі болып жатады. Өзі сияқты ет пен сүйектен жаратылған пендені аяусыз өлтіріп немесе зорлап, басқа да залал келтірген қылмыскердің шіміркіпестен осы әрекетін жұрт алдында қызықты әңгіме айтып тұрғандай баяндайтынын естігеніңіз бар ма? Ал судьялар ондай адам бейнесіндегі аң сияқты жандарды күнде көріп, сөздерін тыңдап жатады. Мұның бәрі санаға салмақ түсірері анық. Осыған орай, судьяның еңбегі біз ойлағандай оншалықты жеңіл еместігін аңғаруға болады.

Кітабымызда судьялардың өз міндеттерін қалай атқарып жүргендігі туралы өз ауыздарынан айтылған әңгімелерді, судьялардың өмірі мен ұстанымдары жайлы ақпараттарды оқи аласыз.

Сондай-ақ, сот саласындағы бүгінгі атқарылып жатқан жұмыстар мен заңдағы өзгерістер жайында да жан-жақты оқып білуіңізге болады.

Ақмола облыстық сотының төрағасы Нұрғазы Әбдіқанов:

«БАҚ-пен байланысқа әрдайым жеткілікті дәрежеде көңіл бөлеміз»



Нұрғазы Әбенұлы Әбдіқанов Ақмола облыстық сотының төрағасы болып өткен жылдың желтоқсан айында тағайындалған болатын. Ұйымның жұмысы көбіне бірінші басшының іскерлік қарым-қабілеті мен ұйымдастырушылық талантына байланысты болатыны белгілі. Өзі ұжымды басқарған қысқа мерзім ішінде жаңа төраға іскерлігімен де, ұйымдастырушылық қабілетімен, жаңашыл үрдістерге жете назар аударушылығымен де көзге түсіп үлгірді. Облыстық соттағы атқарылып жатқан істер, қолға алынған шаруалар туралы облыстық сот төрағасымен ой бөліскен едік.

-Биылғы жылдың бірінші тоқсанының жұмыс қортындысы да шығарылды. Жалпы жаңа ұжымдағы атқарылған жұмыстың қазіргі барысы туралы қандай пікір қалыптасты?

-Осы жасыма дейін мен өмірімде біраз ұжымдармен қызмет істеп, еліміздің бірқатар аймақтарында болдым. Содан болар, жаңа ортаға тез қалыптасып, ұжымға жылда сіңісіп кету маған оншалықты қиын емес. Жұмыс істеймін деген адамға қай жерде де шаруа жетерлік. Іске бірден белсене кіріскендіктен болар, тіпті жаңа ұжымға келгеніміді сезбей де қалған сияқтанамын.

Шынын айтқанда, маған астаналық облыстың соттар жүйесінің ұжымы ұнады. Мұнда өз істерін жақсы білетін және міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын судьялар мен мамандар көп. Барлық істі мамандардың жүргізетіндігін ескерсек, сондай білікті мамандар болған жерде жақсы нәтижелер де болатыны белгілі.

Таяуда ғана биылғы жылдың алғашқы тоқсанының қортындысын шығардық. Егер цифр тілімен айтар болсақ, осы мерзім ішінде облыс соттарында жалпы ауқымы 11396 қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер қаралған екен. Өткен 2013 жылғы осы кезеңмен салыстырар болсақ, қаралған істер саны 1717-ге немесе 17,7 пайызға көбейген. Сот қарайтын істер санының көбеюі негізінен даулы істердің өскенін ғана емес, сондай-ақ, қарапайым жұртшылықтың сотқа деген сенімінің де арта түскенін айғақтайды. Осы тұрғыдан алғанда, сот қарайтын істер қатарының өсуін уақыт талабынан туындап отырған табиғи құбылыс деп санау қажет. Еліміз бағыт ұстанған құқықтық-

демократиялық қоғамда барлық даулы істер сот арқылы шешімін табатыны белгілі. Яғни, қарапайым жұртшылық өз құқықтарын сот арқылы қорғауға бет бұра бастады деген сөз.

Ал енді сот қараған істер санының көбейгеніне қарамастан, істерді қарау мерзімінің бір де бір бұзылу жайы орын алмаған. Судьяларымыз жүктеменің көптігін желеу етіп, істі созбай, әрдайым белгіленген уақытта қарауды әдетке айналдырғаны байқалады. Елбасымыздың азаматтарды әуре-сарсаңға салмай, сот шешімдерін белгіленген мерзімде жедел қараудың маңыздылығы туралы айтқаны белгілі. Судьяларымыздың Елбасымыздың осы тапсырмасын ойдағыдай орындап жатқанын осы жай анық байқатады.

-Өзіңіз айтқандай, сот қарайтын істер санының өсуі халықтың оған деген сенімінің артуын да көрсететіні белгілі. Қарапайым жұртшылықтың сотқа дегені сенімінің артып, сот беделінің көтерілуінде оның жұмысының ашықтығы, қолжетімділігі аз рөл атқармаса керек. Бұл орайда, соттың БАҚ-пен байланысы маңызды екендігі түсінікті. Осы бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

-Өз басым қай жерде, қандай қызмет атқарсам да ақпарат құралдарымен байланысқа ерекше көңіл бөлемін. Өйткені біздің жұмысымызды халық көріп, біліп отыруы тиіс. Облыстық сотқа басшы болып келген күннен бастап БАҚ-пен байланыс, жұмыстың жариялалығын қалыптастыру мәселесіне жіті назар аударып келемін. Биылғы жылдың қаңтар айында ақпарат құралдары өкілдерімен сот пен БАҚ-тың әріптестік байланысы туралы дөңгелек үстел шарасын ұйымдастырдық. Біз шара барысында өз жұмысымыз туралы бүкпесіз ашық әңгімелеп, журналистер тарапынан да көптеген маңызды мәселелерді естідік. Шынын айтқанда шара бүкпесіз ашық әңгіме жағдайында өтіп, екі жақты байланысты нығайтуға қажетті жайлар түгел ортаға салынды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 05.02.2014 жылғы №13 Қбп хатына сәйкес, Ақмола облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттарында қоғам тарапынан қызығушылық тудыруы мүмкін істерді уақытылы анықтап, бақылауда ұстауға және аталған материалдар бойынша БАҚ-та және Интернет ресурстарында хабарларды жариялау мақсатында мобильді топ құрылған еді. Топтың құрамына алқа төрағалары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары, облыстық соттың судьялары, ұйымдастыру-талдау бөлімінің бастығы және екі маманы, баспасөз хатшылары кірді. Аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен кеңсе меңгерушілері апта сайын тағайындалған істердің ішінен қоғам тарапынан қызығушылық тудыратын және теріс пікір тудыратын сот істерін анықтау және шаралар қабылдау жөніндегі жадынамаға сәйкес талдау анықтамасын әр аптаның бейсенбі күндері комиссия құрамына ұсынып отырады. Азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі

апелляциялық сот алқасының төрағасы мобильді топтың қоғам тарапынан қызығушылық тудыруы мүмкін істер бойынша атқарылатын іс-шаралары және олардың жүзеге асырылуы туралы тұрақты түрде облыстық сот төрағасына баяндап тұрады. Бұл да өз кезегінде сот жұмысының ашықтығы мен БАҚ, сол арқылы халықпен байланысты нығайтуға, соттың ашықтығын қамтамсыз етуге игі ықпалын тигізетіні анық.

Облыстық баспасөз қызметімен ғана биылғы жылдың бірінші тоқсанында ақпарат құралдарында 174 мақала (оның 22-сі сұхбат), 16 телесюжет, 5 радиохабар ұйымдастырылыпты. Оған қоса, облыстық соттың ресми сайтында 120 мақала жарық көрді.

Ақмола облыстық соты және аудандық және оларға теңестірілген соттар бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынас орнату мақсатында қаңтар айында жыл қорытындысы бойынша 26 баспасөз мәслихаты және қажеттілік туындауына байланысты 30 брифинг өткізді. Сот жүйесінің ашықтығын, жариялылығын және қол жетімділігін қамтамсыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында Ақмола облыстық сотының төрағасымен 3 онлайн-интернет конференциясы және облыстың барлық соттарының төрағаларымен азаматтар үшін 78 «Ашық есік» күндері өткізілді. Оған қоса осы кезең ішінде республикалық және жергілікті басылымдарға облыс соттарының судьялары мен сот жүйесі мамандарының сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу тақырыбын қамтып жазған 26 мақаласы жарық көрді.

-Облыстық телекомпаниямен бірлесіп, «Сот залынан» жобасы жүргізіліп келе жатқаны есімізде. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатын болар?

-Бұрынғы қолға алынған жобаларды сақтап, жаңа жобаларды жасауға көңіл бөлетін боламыз. Қазір республикалық «Қазақстан» телеарнасының Ақмола облыстық филиалы «Қазақстан-Көкшетау» телеарнасымен ықпалдасып жұмыс істеудеміз. Аталмыш арнаның көмегімен 2013 жылдың қазан, 2014 жылдың ақпан айлары аралығында «Ақмола облысының соттар жүйесіне - 90 жыл» айдарымен аудандық соттардың тарихы туралы 15 деректі фильм түсірілді.

Сондай-ақ, 2013 жылдың тамыз айынан бастап облыстық «Арқа ажары» газетінде халықтың сот жүйесі туралы түсінігін кеңейтіп, сот төрелігін іске асырудың мән-жайынан мағлұмат беру мақсатын көздейтін арнайы «Жеті жарғы» деген тұрақты бет жарық көріп келеді. Ағымдағы жылдың қаңтар- ақпан айларында «Жеті жарғы» беті екі рет шықты.

Ақмола облыстық сотының тағы бір жаңалығы, ағымдағы жылдан бастап тоқсан сайын сотішілік қазақ және орыс тілдерінде «Сот жаршысы», «Ақмоласуд.kz ИНФОРМ» ақпараттық мерзімді басылымы жарыққа шыға бастады. Көлемі шағын болса да, үлкен мақсатты

көздеген бұл басылым Ақмола облыстық сотының және облыс соттарының қызметі туралы ақпаратпен қамтамасыз етіп, азаматтардың сотқа деген сенімін арттыру, олардың конституциялық құқықтарының мүлтіксіз қорғалуының жүзеге асырылуы және сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде өз рөлін атқаратын болады деген ойдамыз.

Жасалған осындай жұмыстардың нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарында объективті және шынайы мәліметтерге негізделген материалдар жарық көруде. Биылғы жылдың басынан бері облыс соттарында БАҚ өкілдеріне сот отырыстарына қатысуға негізсіз рұқсат бермеу оқиғалары болған жоқ және сот төрелігін атқаруға қатысты БАҚ -та жағымсыз бір де бір мақала жарияланбаған.

-Адам тағдырын таразылар судьяға жүктелер міндет ауыр және жауапты. Осындай жауапты міндетті мойнына алған судьяның білімі мен біліктілігі де сондай биік деңгейде болуы тиіс. Судьялардың білімін жетілдіру, біліктілігін арттыруға қаншалықты көңіл бөлінеді?

-Облыстық соттың жанында судьяларға арналған оқу орталығы жұмыс жасайды. Бүгінгі таңда облыс соттарында 25 сот төрағалары мен 114 аудандық және оған теңестірілген сот судьясы, 23 облыстық соттың судьясы бар екен. Міне, сол сот төрағалары мен судьялардың бәрі оқу орталығы арқылы үнемі өз білімі мен біліктіліктерін жетілдіріп отыруға көңіл бөледі. Бүгінгідей ғылым мен техника қарыштап дамыған заманда заман ағымынан қалып қою, білім деңгейінді уақыт талабына сай көтеруге көңіл бөлмеу – өз міндетінді ойдағыдай дұрыс атқаруыңа кері әсерін тигізетіні анық. Осыған орай, судьяларымыз әрдайым өз білімдерін жетілдіруге жете көңіл бөледі.

Оқу орталығының ұйымдастыруымен үнемі түрлі тақырыптарға арналған семинарлар, дөңгелек үстелдер, кездесулер өткізіліп тұрады. Онда талқыланған материалдардың бәрі аудандық және қалалық соттарға жіберіледі. Жергілікті жерлерде судьялардың білімін жетілдіру жұмысына жауапты – аудандық және оған теңестірілген сот төрағасы болып табылады. Олар судьялармен және мамандармен әр аптаның бейсенбі күндерінде сабақтар өткізіп тұрады.

Судьяларды оқытуға арналған бағдарламалар мамандандырылған салалар бойынша жасалады. Соған орай, сабақтар қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді қарайтын судьялармен бөлек өткізіледі. Оған қоса, әрбір судья өз бетінше білімін жетілдіруге де көңіл бөліп отырады. Өз кезегінде судьяларымыз жеке тақырыптар бойынша материалдар жинап, сол саладағы білімін ұштайды.

Сонымен бірге, Жоғарғы Сот тарапынан өткізілетін қашықтан оқыту бағдарламасы бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Осындай сабақтардың материалдары дер кезінде жергілікті соттарға интернет арқылы жолданып отырылады.

Бір сөзбен айтқанда, судьяларымыз да, сот саласында қызмет жасайтын мамандарымыз да өз білімдерін жетілдіруге үнемі жеткілікті дәрежеде көңіл бөледі. Адам тағдырын таразылайтын сот саласында қызмет ету үшін білімі мен біліктілігі жоғары және белгіленген талапқа сай болуы тиіс.

-Өңгімеңізге рахмет.

Алқабилер соты – халық билігінің бір көрінісі



2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде сот мәжілістері алқабилердің қатысуымен өткізіле бастады. Қарапайым халық өкілдері болып табылатын алқабилердің сот шешімдеріне қатысуына, жөй қатысып қана қоймай, шешім шығаруға нақты

ықпал етуіне жағдай жасайтын бұл өзгеріс еліміз бағыт ұстанған демократиялық қоғам құру талаптарынан туғандығы анық. Алғашында кісі өлтіру сияқты аса ауыр қылмыстарға ғана қолданылып келген алқабилер соты өткен жылдан бастап орта деңгейлі қылмыстарға да қолданылатын болды. Осыған орай, халық өкілдері қатысатын сот қарайтын істер қатары да көбейді. Мұның өзі алқабилерді кәдімгідей сот шешімдеріне ықпалын тигізіп, оған белсене қатысатын халық өкілдеріне айналдырғандай. Бүгінгі алқабилердің қатысуымен өтетін соттың жетістіктері мен олқы түсіп жатқан жақтары қандай, қандай ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар, судьялар мен мемлекеттік айыптаушылардың, алқабилердің сот барысындағы қарым-қатынасы қандай, өз міндеттерін қалай атқарып жатыр деген сауалдар төңірегінде Ақмола облыстық сотының судьясы Темірхан Қасымов, Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы Сергек Баймағамбетов және облыстық прокуратураның қылмыстық істер бойынша заңдылықтарды қадағалау басқармасының аға прокуроры Жанар Тәліпова өз ойларын ортаға салады.

-Елімізде біраз жылдан бері алқабилердің қатысуымен сот мәжілістері өтіп келеді. Судьялар мен мемлекеттік айыптаушылар үшін алқабилер сотының қандай ерекшеліктері мен қиындықтары бар?

Темірхан Қасымов:



іс

-2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық істер алқабилердің қатысуымен қарау енгізілгенін бәрімізге мәлім. Мұндай істер алқабилердің қатысуымен тек қана сотталушының өтініші бойынша қаралады деп заңда нақты бекітілген. Ол одан бас тартса, қылмыстық кәсіптік судьялардың қарауына жатады.

2010 жылдың қаңтарынан бастап алқабилердің қатысуымен қаралатын істер жаңа құрылған мамандырылған қылмыстық істер жөніндегі сот құзырына жататын болды. Біздің облысымызда да осындай сот құрылып, бір жылдан астам уақыттан бері өздеріне жүктелген жұмысты заң мен заманымызға сай айтарлықтай атқарып жатыр. Әрине, алқабилермен сот жүргізуде, қылмыстық іс қарауда өзінің ерекшеліктері мен қиындықтары да кездеседі.

Алқабилер туралы заңға байланысты бұл бағыттағы жұмыс алқабилерге кандидаттардың тізімін құрудан басталады. Жергілікті атқарушы органдарға жүктелген осы міндетті орындау барысында бірқатар кемшіліктерге жол беріліп, мұның өзі алқабилерді құру кезінде көптеген қиындықтар туғызып жататыны бар. Мәселен, осы тізімге 65 жастан асқан, денсаулығының нашарлығына байланысты сот ісіне қатыса алмайтын азаматтар немесе аталған мекен-жайда тұрмайтын, көшіп кеткен адамдардың енгізілетін жағдайлары кездесіп жатады. Тіпті, тізімде көрсетілген мекен-жайдағы үйлердің жоқ болып шыққан жайлары да болды. Яғни, тізім жасаудағы осындай жауапсыздықтардың салдарынан алқабилерді құру біраз қиындықтарға түсіп жатады.

Алқабилердің тізіміне кірген тұлғалардың азаматтық танытып, өздерінің конституциялық құқығын заңға сәйкес пайдалануға ынталарының жоқтығына байланысты алқабилер алқасын құруға кедергі келтіретін жайлардың орын алатыны да шындық. Осыған орай, әр азамат бұл істің маңыздылығын түсініп, өздерінің конституциялық құқықтарын пайдалануға, қоғамдық міндетін орындауға жауапкершілікпен қарап жатқаны дұрыс болар еді.

Алқабилердің ең басты мақсаты қылмыстық істі қарағанда әділдік пен бейтараптықты сақтап, заң талабына сай шешім қабылдау екендігі белгілі. Өкінішке орай, кейбір уақытта олар бейтараптықты сақтамай, сотталушының кінәлілігіне айғақтардың жеткіліктілігіне қарамастан, керісінше шешім қабылдауы да орын алып тұрады. Осындай

жағдайларда бабаларымыздың өсиет ретінде «Тура биде туған жоқ» деген қағидасының іс жүзінде сақталмай қалатын жайлары да орын алатыны жасырын емес.

Жоғарыда айтылған және де басқа да іс қарау барысында кездесетін олқылықтар мен қиындықтар алқабилердің қатысуымен өтетін сотқа дайындық пен оны қарау барысында істі уақытылы және сапалы қарауға теріс әсерін тигізіп жататыны рас.

Алқабилермен қарайтын істердің тағы бір ерекшелігі, ол еліміздің 25 жасқа толған азаматтарының сот билігіне қатысуына жағдай жасайтындығында десек, артық айтқандық болмас. Осындай істерді қарау барысында алқабилерге шешім шығаруға тек қана сотталушының айыпталу фактісі ғана ортаға салынады, олар сотталушының бұрын сотталғаны туралы, есірткіқұмарлығы, араққұмарлығы сияқты жаман мінездемесі туралы және өзге де қолайсыз жағдайлары жөнінде мәліметтерді, алдын ала сотталушы туралы теріс пікір туғызбау үшін білмеуі тиіс. Сондықтан, сот отырысында аталған жағдайлар қатаң бақылауда ұсталуы шарт, тараптар жағынан, басқа да қатысушылардан осындай заң бұзушылыққа баруына жол берілмеуі қажет.

Жақтардың жарыс сөзі екі бөлімнен тұрады. Біріншісі- алқабилердің қатысуымен өтсе, екінші бөлігі - оларсыз өтеді.

Тағы бір ерекшелігі, кеңесу бөлмесінде 10 адамнан құралатын алқабилермен кәсіби судья сотталушының кінәлі, не кінәлі еместігі туралы шешімді құпия, жазбаша түрде бюллетень арқылы негізгі үш (1- қылмыстық әрекеттің орын алғаны дәлелденді ме; 2-бұл әрекетті сотталушының жасағаны дәлелденді ме; 3-бұл әрекеттің жасауына сотталушы кінәлі ме) сұраққа дауыс беру жолымен шешеді.

Өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын тағайындау үшін алқабилер мен судья бір ауыздан дауыс берулері қажет. Он бес жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айырып, жаза тағайындауға ең кемінде алқабилер алқасының 8 мүшесі қолдап дауыс беруі шарт.

Алқабилермен шығарылған үкім процессуалдық заңнаманы сақтай отырып шығарылса, жаза мөлшері өзгертілуге, үкім бұзылуға жатпайды.



Сергек Баймағамбетов:

-Сотқа алқабилерді қатыстыру заман талабынан туған оң қадам екендігі анық. Халық өкілі саналатын алқабилер ауыр қылмыс жасаған адамдарды соттауға қатыса отырып, Ата Заңымызда белгіленген – барлық биліктің бастауы халық екендігі жөніндегі қағиданы жүзеге асыруға ықпал жасайды.

Алқабилердің қатысуымен өтетін сот мәжілістері қолданыстағы заңдарға сай жүргізіледі және басқа сот мәжілістерімен салыстырғанда біраз

ерекшеліктері бар. ҚР қылмыстық істер жүргізу заңнамаларына сәйкес, төрағалық етуші судья іс материалдарынан дәлелдемелер ретінде жол беруге болмайды деп танылған нақты деректерді алып тастауы керек және төрағалық етуші судья алқабилерге жүгінген кезде қандай іс материалдарына алқабилердің сүйене алатындарын және сол дәлелдемелердің жиынтығын басшылыққа ала отырып, сотталушының айыбын ашатын немесе оны ақтайтын шешім шығарылатындығын еске салады. Алқабилердің қатысуынсыз қаралған істермен салыстырғанда осы жоғарыда көрсетілген заң талаптарын дұрыс қолдану оңайға түспейді. Бұл тұста төрағалық етуші судьяның кәсіби біліктілігін айқындайтын жайлар кездеседі және оң шешім қабылдау да соған байланысты болмақ. Өйткені алқабилер судьяның көрсеткен дәлелдемелеріне баға бере отырып, шешім шығарады.

Жанар Тәліпова:

Елімізде алқабилер сотын құру 2005 жылғы Елбасымыздың халыққа арнаған Жолдауында көтерілген еліміздегі құқықтық реформаларды дамыту міндеттерінен туындаған еді. Осыған орай, Прапарламент қабылдаған «Алқабилер туралы» Заң 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді. Яғни, осы кезден бастап алқабилердің қатысуымен сот мәжілістері өтетін болды. Алқабилер сотының басқа сот мәжілістерге қарағанда біраз ерекшеліктері бар. Мұның өзі сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысатын прокуратура қызметкерлеріне де үлкен жауапкершілік жүктейді. Айыпкердің ақталып шығуы немесе заң бойынша жазаға тартылуы тікелей алқабилердің дауыс беруіне, яғни шешіміне қатысты болатындықтан, мемлекеттік айыптушы алқабилердің көзін жеткізіп, істің ақ-қарасын анықтауға жағдай жасауы тиіс. Бұл арада тағы бір айта кетерлік жай, алқабилер сотының қарауына берілген істер шала-шарпы болмауы тиіс, яғни ол алдын ала тергеу барысында нақты дәлелдермен, айғақтармен, куәлармен бекітілген, дәлелденген істер болуы керек. Мұның өзі осындай істі қараған құқық органдары қызметкерлеріне де үлкен жауапкершіліктер жүктейді.

-Алқабилер соты енгізілетін тұста сол кездегі Бас прокуратураның бір өкілінің енді мемлекеттік айыптушылар шешендік өнерді меңгерулері керек дегенді айтып қалған еді. Көп жайдың алқабилердің көзін жеткізуде прокурордың тілге шешен, өз ойын орамды, шебер жеткізе алуына байланысты болатындығы белгілі. Осы бағыттағы мемлекеттік айыптушылардың жетістіктері жөнінде не айтасыз?

Темірхан Қасымов:

-Алқабилердің қатысуымен өтетін сот отырысында жариялылық қағидатын сақтай отырып, заң шеңберінен шықпай, шебер және оралымды сөз арқылы ой тұжырымдауға негізделген шешендік өнерді меңгерудің қажеттілігі зор. Оның ішінде мемлекеттік

айыпталушылардың өз үлесі болуы керектігі айдан анық мәселе. Осы өткен жылдардың сот тәжірибесін алып қарасақ, мемлекеттік айыптаушылардың тарапынан алқабилердің қатысуымен қараған істер бойынша заң талабына байланысты ерекшеліктерді сақтай отырып, сотқа өздерінің уәждерін растайтын дәлелдемелерін ұсыну жағынан өзге тараптарға қарағанда едәуір алға басқанын бағамдаймыз. Десек те, сот барысында сөз бергенде сол дәлелдемелерді аса шешендік танытып, алқабилердің ұстанымына әсер ететіндей, олардың заңды шешім қабылдауына ықпалын тигізетіндей айыптаушы тарап шешендік байқата қоймайды. Кейбір жағдайда айыптаушы сот отырысында істің мән-жәйі өзгерсе де сол бірінші тағылған айпты өзгеріссіз қолдауға тырысады. Мұның өзі заңның талабынан беймәлім алқабилердің ойларын сарсаңға салып, дауыс бергенде қате пікірлер туғызып, теріс шешім қабылдауға әкелуі мүмкін. Осыған орай, «Заң газетінің» сәуір айының бір нөмірінде жарияланған «Үкім адамды тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс» атты мақалада автор айыптаушы жағына мынадай баға берген «Осы сот кезінде прокуратураның позициясы уақыт талабынан төмен жатқандығын көрдім. Бұл жалғыз осы істе емес, жалпы солай....Соңғы сөз айтар кезде бастапқы айыптау қорытындысынан айнымай қалу, сотталушыны жазалау, не өш алу деген принциптерінен айнымайды. Бұл уақыт өзгерсе де, мемлекеттік айыптаудың өзгермегенін көрсетеді». Бұл бір тұлғаның пікірі болса да, олай деуге іс жүзінде негіз бар, сондықтан да бұл ойландыратын, алдағы уақытта ескерілуі керек жай деп санаймын.

Кәсіби жағынан қорғаушылардың да кемшіліктері жеткілікті. Әсіресе, процесулдық заңнаманы сақтау жағынан көп олқылықтарға жол беріп жатады. Мысалы, заң бойынша кейбір істерде туындаған процессуалдық проблемаларды алқабилерсіз қоюға, талқылауға жататын болса да, сот отырысында қорғаушы-адвокаттар ол проблемаларды жариялап, алқабилердің назарына ұсыну оқиғалары әлсін-әлсін болып тұрады.

Сергек Баймағамбетов:

-Әрине, сотталушының кінәсін дәлелдеу мемлекеттік айыптаушыға оңай тимейтіні анық. Құқықтық білімі жоқ азаматқа дәлелдемелердің осы іске қатыстылығын түсіндіру қиын шаруа. Бірақта, Ақмола облыстық прокуратурасы тарапынан бұл сұрақ өз шешімін тапқан деп есептеуге болады. Алқабилердің қатысуымен қаралатын істерге осы жүйеде мамандандырылған, тәжірибелі, білікті прокурорлар қатысып жүр. Сот барысында мемлекеттік айыптаушы ретінде олардың жетістіктерін жоғары бағалауға болады.

Жанар Тәліпова:

-Алқабилердің қатысуымен өтетін сот мәжілістерінде кәсіби және құқықтық жағынан жоғары сапалық дәрежедегі мемлекеттік айыптауды жүзеге асыруда көбіне прокурордың жинақталған айғақтарды талдау барысына белсене қатысып, жұртты ұйытатындай тілге шешен

болуының маңызы зор. Алқабилер сотына қатысқан мемлекеттік айыптушының міндеті сот зерттеулеріне алқабилерді шебер тартып, айғақтар мен куәлардың көрсетулерін, айғақтарды нақтылап, айқындайтын тұжырымды сұрақтар қою арқылы, олардың көздерін жеткізуге күш салу болып табылады. Сондай-ақ, ол сот мәжілісі барысында зерттелген айыпкердің кінәлілігін дәлелдейтін нақты айғақты ұстана отырып, неліктен бір айғақтарды теріске шығарып, екіншілерін қабылдайтындығын алқабилердің көзін жеткізе дәлелдеуге күш салуы тиіс.

Алқабилердің қатысуымен өтетін соттарда негізінен алқабилердің салиқалы ұстанымы, рақымшылдығы, ар-ұяты сияқты «адами факторының» әсері үлкен болады. Мемлекеттік айыптаушы да өз ұстанымын дәл осыған сүйене отырып жасауы шарт. Осыған орай, ол айыптау сөзін қарапайым да ұғынықты тілмен, алқабилердің көзін жеткізетіндей, осындай шешім қабылдау арқылы азаматтық, конституциялық міндетін адал орындап, арына дақ түсірмейтіндігін дәлелдейтіндей тұжырымдап айтып бере білуі керек.

Осы орайда, мемлекеттік айыптаушылардың біліктілігін арттыру бағытында мақсатты жұмыстар жүргізіліп келеді. Облыстық прокуратурада осы тақырыпқа арналған арнайы семинарлар өткізіліп тұрады. Сот тәжірибелері негізінде әдістемелер мен пайдалы ұсыныстар дайындалады. Сот шешімінің әділ және заңға сай болуы көбіне мемлекеттік айыптаушылардың сот мәжілістерінде өз ұстанымдарын қалай және қай қырынан жеткізе алуына байланысты болмақ. Сондықтан да, прокуратура қызметкерлері өздеріне жүктелген осындай үлкен міндет биігінен көріну үшін кәсіби біліктіліктерін көтеріп, жұмыстарын уақыт талабына сай құруға жете көңіл бөледі.

-Алқабилердің сот шешіміне қандай ықпалы бар? Сот барысында алқабилер мен судьяның арасында түсінбестік, не пікір қайшылықтары кездеспей ме және ондай жайлар қалай шешімін табады?

Темірхан Қасымов:

-Заң бойынша алқабилер алқасына мүше болған азаматтың құқығы тұрақты судьяның құқығымен тең болып табылады. Ол дегеніміз, судьяның қандай құқығы болса, ол да сондай құқыққа ие деген сөз. Сондықтан, шешім қабылдау мәселесі қаралған кезде әр алқабиді бейтарап, құпия түрде бюллетень арқылы қойылған сұрақтарға жауап беру жолымен өз құқығын іске асырады. Шешім қабылдауда алқабиге ешкім ықпал етуге тиіс емес, заң бойынша оған тыйым салынған. Сондықтан, оларға жүктелген сот атқару жұмысы өте ауыр да жауапты мәселе, оны атқаруға немқұрайды қарауға болмайды. Бұл осы күннің өзекті мәселесі деуге толық негіз бар. Ал, кеңесу бөлмесінде болған жәйіттер заң талабына сай жария етуге жатпайды, ол құпия. Дегенмен де, сот болғасын, адамның тағдырын шешу оңай шаруа еместігі баршамызға мәлім, соған қарамастан

алқабилер шешім қабылдаудан тыс қалмауы тиіс. Осыған орай, түсінбеушіліктер, пікір қайшылықтар болуы мүмкін, олай болуы керек те, өйткені пікір қайшылығы арқылы ақиқат, объективтік, заңдылық мәселесі шешіледі. Сот атқаруына еліміздің азаматтарын қатыстыруды жүзеге асыру жөніндегі мақсаттың көздегені де осы десе болады. Яғни, азаматтардың өз ұстанымдарын жүзеге асыруға жағдай туғызу деген сөз. Кеңесу бөлмесінде туындайтын мәселелер төрағалық етуші судьяның қолданыстағы заңдардың талаптарын түсіндіру, мысалдар келтіру арқылы дұрыс ұғым тудыру, азаматтық, алқабилік борышты заң талабына сай атқару керектігін ұғындыруы арқылы шешімін тауып жатады.

Сергек Баймағамбетов:

-Алқабилердің сот шешіміне ықпал етуі олардың сотталушыны айыптау немесе ақтау шешімінің негізінде шығарылады. Яғни, алқабилер сот шешімін шығаруға ықпал ете алады. Егер олар айыпкерді кінәсіз деп тапса, сот шешімі де соған сай шығарылады. Алқабилер сотының құрылуының өзі сотқа халық өкілдерін қатыстыру арқылы, оның шешім шығаруына халықтың қатысуын қамтамсыз ету мақсатынан туғандығы белгілі. Қазіргі сот барысы бұл мақсаттың орындалғанын көрсетеді. Халық өкілдері алқабилер сотына қатысу арқылы өздерінің конституциялық құқықтарын пайдалануларына мүмкіндік алып отыр.

Сот отырысы барысында алқабилер мен судьяның арасында түсінбеушілік немесе пікір қайшылықтары орын алуы мүмкін емес. ҚР ҚІЖК 559 бабына сәйкес, төрағалық етуші судья алқабилерге олардың құқықтарын, міндеттерін және істі қарауға байланысты іс-әрекеттеріне шектеулерді түсіндіреді, сондай-ақ міндеттерді бұзу және шектеулерді сақтамаудың салдары туралы ескертеді. Осы іс жүргізу Кодексіне сәйкес алқабилер сотталушыға, жәбірленушіге, куәгерлерге сұрақты жазбаша түрде төрағалық етуші судья арқылы қояды, сот отырысында өз пікірлерін айтуға, қаралып жатқан іс туралы ауызша түсініктеме беруге алқабилердің құқықтары жоқ.

-Сот шешімінің әділ болуы үшін судья мен мемлекеттік айыптаушының заң шеңберінде бірлесе жұмыс істеуінің мәні зор. Осы орайда, облыстық сот пен прокуратурның арасында бұл бағытта қандай жетістіктер мен жақсы тәжірибелер бар?

Темірхан Қасымов:

-Ата заңымызда, сот жүйесіне қатысты заңдарда бекітілгендей сот шешім қабылдау барысында тек қана заңға бағынышты және шешім бейтарап түрде қабылдануы қажет. Соған байланысты прокурордың негізгі мақсаты сотта судьяға заңға сәйкес, дұрыс шешім қабылдауға ықпал етумен ғана шектеледі. Осы екі ортада пікірталастар болуы мүмкін. Сондықтан, сот тек қана прокурорлармен емес, онымен қатар адвокаттармен істерді де заңға сәйкес дұрыс шешу бағытында мақсатты жұмыстарға көңіл бөледі. Осының айғағы

ретінде прокуратура қызметкерлері мен адвокаттардың қатысуымен түрлі семинар сабақтардың, дөңгелек үстелдер, практикалық ойын-сабақтардың өткізіліп тұратындығын атап өтуге болады. Осының бәрі негізінен қарайтын істерді сапалы, уақытылы, әділ, объективті қарап, заңды шешім қабылдауға бағытталған. Біздің облыстық сотта да осындай жұмыстар біршама атқарылып жатыр. Мысалы, осы жылдың сәуір айында Бурабай аудандық базалық сотының ғимаратында өңірлік «Алқабилердің қатысуымен қаралатын қылмыстық істер бойынша сот тәжірибесінде туындайтын мәселелер» атты семинар өткізілді. Оған Жоғарғы Соттың судьясы, Қостанай, Солтүстік-Қазақстан, Ақмола облыстарының, Астана қаласының қылмыстық істерді қарайтын мамандырылған ауданаралық судьялары, облыстық сотың судьялары және прокурорлар, адвокаттар, тергеушілер қатысып, пікір алмасты. Мұндай тәжірибелер бізде аз емес.

Сергек Баймағамбетов:

-Төреағалық етуші судья және мемлекеттік айыптаушы өз міндеттерін Конституция мен ҚР ҚІЖК талаптарына сай істі қарау барысында атқарады. Судьялар да, прокуратура қызметкерлері де құқық саласының білікті мамандары болғандықтан, заң шеңберінен шықпай, өз өкілеттіктерін дұрыс түсінеді. Қазақша айтқанда, біз «бір терінің пұшпағын илеп жүрген» адамдармыз. Мақсатымыз – қылмыс жасаған адамды заң бойынша әділ жазаға тарту, оның сол қылмысына сай жазасын алуына ықпалымызды тигізу. Осындай ортақ мақсат жолында қызмет ететін біздер үшін бір-бірімізбен түсіністікпен жұмыс жүргізудің мәні зор. Осы орайда, судьялар мен прокуратура органдарының, адвокаттардың қатысуымен өткізілетін түрлі семинарлар, дөңгелек үстелдер сияқты шаралардың маңызы аз емес. Алқабилердің қатысуымен қаралатын істерге байланысты 2010-2011 жылдың сәуір айы аралығында адвокаттардың, тергеушілердің, прокурорлардың, мамандандырылған соттардың, облыстық және Жоғарғы сот өкілдерінің қатысуымен бірнеше дөңгелек үстелдер өткізілді.

-Алқабилердің қатысуымен өткен сот шешімдерінің өзгертілгені немесе ол әділ емес деп шағымданған жайлар болды ма?

Темірхан Қасымов:

-Өткен сот тәжірибесіне назар аударып қарасақ, алқабилермен қаралған істердің шамамен 80 пайызы бойынша сотталғандардың қабылданған шешімменен келіспеуіне байланысты шағымданып жататынын бағамдауға болады. Ондай шағым апелляциялық сатыда емес кассациялық сот алқасында қаралады. Жалпы алғанда, біздің облысымызда алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша үкімдер өзгеруі де күшін жоюы да жоқтың қасы. Десек те, жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды демекші, үкімнің

өзгертілуі мен жойылуы сот тәжірибесінде кездеседі. Осыған орай, оған жол бермеудің жолдарын қарастырамыз.

Сергек Баймағамбетов:

- Екінші сатыдағы сот алқасы сот үкіміне берген шағымды қарау барысында, бірінші сатыдағы соттың іс жүзіндегі әрекеттерін заңға қайшы келеді деп тапса, онда бірінші сатыдағы үкімінің күші жойылады. 2010 жылы алқабилердің қатысуымен шығарылған Н.Н.Бековке қатысты ақтау үкімі прокурордың үкімге берген наразылығы негізінде кассациялық алқада қаралып, оның қаулысымен күші жойылды. Қазіргі кезде қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында қайта қаралуда. Жалпы алғанда, алқабилердің қатысуымен қаралған істер бойынша соттардың шешімдері әділ қабылдануда деп санаймын.

Ғайша Сыздықова,

Азаматтық істер жөніндегі Ақмола облыстық апелляциялық сот алқасының судьясы:

**«Алаяқтың арбауына түсіп қалмаймын
десеңіз, білікті заңгердің қызметіне
жүгініңіз»**



Бағасы қымбат тұратын жылжымайтын немесе жылжитын мүлікке қатысты сатып алу және сатуға байланысты шарамен қай-қайсымыз да өмірде сирек те болса тоқайласып қалып жатамыз. Заңды дұрыс білмеушіліктен осындай сатып алу-сату шаралары кезінде қателіктерге бой алдырып, кейін мүлкінен де, ақшасынан да айрылып жататындар кездеседі. Алаяқтың арбауына шырмалып қалғыңыз келмесе, жалжымайтын мүлікке қатысты сатып алу-сату шараларын жүзеге асыру кезінде қателіктерге жол бермеудің ең сенімді амалы – заңды дұрыс білу екендігін естен шығармауымыз қажет. Азаматтық істер жөніндегі Ақмола облыстық апелляциялық сот алқасының судьясы, заң ғылымдарының кандидаты Ғайша Сыздықовамен әңгімемізде осы мәселе тілге тиек болды.

-Бүгінде көп адамдар жылжымайтын мүлікті сатқанда немесе сатып алғанда көбінесе реалторлық кеңселердің қызметіне арқа сүйейді. Олардың қызметін қаншалықты сенімді деп бағалайсыз?

-Жылжымайтын мүлікке қатысты сатып алу және сатумен әйтеуір бір рет болса да өмірімізде тоқайласып жатамыз. Өмір бойы тырнақтап

жиған ақшамыздан немесе бар байлығымыз саналатын пәтерімізден айрылып қалмас үшін де біз өте сақ болуымыз қажет. Қазақта «сақтықта қорлық жоқ» деген мақал бар ғой. Сондықтан мұндай жағдайда заңды жақсы білетін таныстарымызбен немесе білікті мамандармен ақылдасып алған артық болмайды.

Жылжымайтын мүлікті сату-сатып алуға байланысты заңнамаларымызды олқылықтары көп деп реніш білдіріп жататындар бар. Бірақ та, сол заңдарымызды дұрыс және толыққанды пайдалана алсақ, ешқандай да түсінбеушіліктерге жол берілмесі анық. Өкінішке орай, қолданыстағы заңдарымызды бүгінде қаптап кеткен жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер мен нотариустер бұрмалап түсіндіріп жататыны бар. Әрине, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктердің көбейгені дұрыс, бәсеке болады. Агенттіктерде өз істерін жетік білетін білікті мамандар отыр деп ойлайды жұрттың көбі. Ал нотариус болу үшін біліктілігің жөнінде емтихан тапсырып, лицензия алуың қажет. Сондықтан да бұл салада білікті заңгерлер қызмет атқаруда деп санауға болатындай. Бірақ, өкінішке орай, агенттік қызметкерлері мен нотариустердің арасында заңды дұрыс білмейтіндер және оны дұрыс қолданбайтындар кездесіп қалады.

ҚР Азаматтық кодексінің 337 бабына сәйкес, сатып алушы мен сатушы жақтардың өзара белгілі бір міндеткерліктерді мойнына ала отырып, келісім жасауы кезінде кепіл ақша (задатка) беру көзделген. Кепіл ақша беру шарты жазбаша рәсімделеді және екі жақтың белгілі бір міндеттерді мойнына алуын, оны бұзған жағдайда кепіл ақша көлеміндей шығынды өтеулерін міндеттейді. Нақтырақ айтқанда, егер кепіл ақша беруші жақ өз міндетін орындамаса, кепіл ақша оны алған жақта қалады. Ал егер керісінше болса, онда кепіл ақшаны берген адамға екі есе көлемінде төлемақы төленуі тиіс. Екі жақты келісімді бұзбауға мәжбүрлейтін кепіл ақша беру шартын жылжымайтын мүлікті сату және сатып алу кезінде жұрт көп қолданады. Өкініштісі сол, осындай жиі қолданылатын шараны рәсімдеу кезінде жылжымайтын мүлік агенттігі қызметкерлері тарапынан түрлі заң бұзушылықтарға жол беріліп жатады.

-Жылжымайтын мүлік агенттігі мамандарын білікті заңгерлер деп түсінетін жұрт сатып алу және сату шараларын жүргізуді түгелдей солардың мойнына артып, оларға құлай сенетін жайлары көп кездеседі. Жоғарыда айтқандарыңызға қарағанда олардың арасында заңды дұрыс білмейтін немесе сақтамайтын жайлар да кездесіп тұратын сияқты. Мұның сатып алу, сату шарасын жүргізген тараптар үшін ауыр зардабын тигізуі мүмкін емес пе?

-Әрине, заңды дұрыс сақтамаудың пәтерін сатқан немесе сатып алған адамға ауыр зардабын тигізу мүмкіндігін теріске шығаруға болмайды. Агенттік мамандары әдетте сатып алушыға пәтерді құжаттауға қатысты ешқандай да кедергі болмайды деп сендіріп

жатады. Бұрын мұндай шарамен айналысып көрмеген адамдар ондай сөзге құлай сеніп қалатыны сөзсіз. «Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, әрнәрсені де алдын ала анықтап, жан-жақты тексеріп алған жөн. Агенттікке 500 доллар ақы төледім, енді құжаттаудың барлық ауыртпалығы солардың мойнында деп, бәрін жиып қойған дұрыс болмайды.

Осы арада өзім куәсі болған мына бір жайды айта кетсем, артық болмас. Пәтер сатып алатын бір танысым мені құжаттау кезінде өзімен бірге болуды сұрады. Агенттік қызметкерлері сатылатын пәтерге қатысты ешқандай кедергі жоқ десе де, танысым бірқатар жайларды нақтылап анықтап алғысы келді. Оның сұрауы барысында мынадай жай белгілі болды. Пәтерді сатқан әйелдің ажырасып кеткен күйеуі бар екен. Ол бір жыл бұрын дүниеден өткен, артында үш баласы қалған. Заң бойынша ажырасып кеткеніне қарамастан, бұрынғы күйеуінің пәтерге қатысты үлесі бар ма, жоқ па деген мәселені анықтау қажет. Егер оның үлесі болса, соңында қалған балалары ертең әкеміздің үлесін бер деп сот арқылы шағымдануға құқылы. Танысымның сұрауына агенттік қызметкерлері дұрыс жауап бере алмады, яғни олар сатушы әйелдің бұрынғы күйеуінің пәтерге қатысты үлесі бар-жоғын білмейтін болып шықты. Осыған орай нотариустен сұрап, сатушының бұрынғы күйеуінің соңында қалған балаларының тек әкесінің пәтеріне ғана мұрагерлік құқығы сақталғандығын анықтап білдік. Егер іс басқаша болып шыққанда, агенттік қызметкерлерінің сөзіне сеніп, пәтерді сатып алып қойса, жағдай қалай болар еді? Өкінішке орай, мұндай жайлар ара-тұра болса да кездесіп қалады. Сондықтан, сатып алушы мен сатушы барлық жайды жан-жақты анықтап алғандары жөн.

-Сатып алу және сату шарасы жүзеге асырылып, ақшаның бір бөлігі төленіп қойылғаннан кейін тараптардың бірі оны бұзатын жағдайлары да кездесіп қалады. Арада екі жыл өткеннен кейін соттасып, сатқан пәтерін қайтып алған оқиғаны білемін. Бұл жөнінде не айтасыз?

-Мұндай клеңсіздіктер негізінен жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік мамандарының қателігінен болып жатады. Агенттік мамандары мен нотариустердің арасында мынадай жаңсақ пікір қалыптасқан: сатып алушы ақшаны толықтай өтегенше жылжымайтын мүлік оның атына рәсімделмейді. Шындығында бұл дұрыс емес. Облыстық сотта осындай бір істі қарау барысында бұған нақты іс жүзінде көзімді жеткізген едім.

К. деген азамат өзінің пәтерін С. дегенге сатады. Олар 2013 жылдың ақпан айында нотариус арқылы екіжақты келісім жасайды. Ол келісім бойынша С. сатушыға пәтер құнының төрттен үшін береді, қалған соманы бір жыл ішінде төлеймін деп міндеттенеді. Келісім-шарт жасалғаннан кейін сатып алушы пәтерге кіріп, оның құлпын өзгертеді. Пәтер иесі өзі сатқан үйге кіре алмай, содан дау туындайды. Осыдан кейін К. сотқа шағымданып, сатып алушы төленбеген соманың негізгі

бөлігін 2013 жылдың маусымында, ал қалғанын 2014 жылдың ақпанында төлеуі тиіс болатын және толық төлегенше пәтерді пайдаланбауы қажет еді деген уәж келтіреді. Сот азамат К.-нің арызын қанағаттандырмады. Себебі нотариус бекіткен екіжақты шартта бұл жай анық көрсетілмеген. К.-нің жазбаша көрсетілмесе де, біз мұны ауызша келіскен болатынбыз дегені қабылданбады.

Бұл уақытта сатушының заттары пәтерде болған және сатып алушының оған заттарын алып кету жөніндегі ұсынысы қабылданбаған. Осыған орай, С. қарсы арыз жазып, сотқа шағымданды. Бұған жауап ретінде К. сату және сатып алу жөніндегі келісім-шартты бұзу туралы сотқа арыз түсірді. Істі қарау барысында сот негізгі келісім-шартта көрсетілген жайларды ескере отырып, келісім-шартты бұзу жөніндегі сатушының шағымын қанағаттандырмады, керісінше оның заттарын алып кетуге байланысты жасалған сатып алушының арызы қанағаттандырылды. Соттың шешіміне көңілі толмаған К. апелляциялық шағым беріп, сатып алушы қалған ақшаның негізгі бөлігі 2013 жылдың маусым айында төленуі тиіс болғандығын, бұл жөнінде нотариустің көзінше ауызша келісім жасалғандығын алға тартып және нотариустен осыны растайтын анықтама алып келді. Әрине, К. заңды білмейтін болар, бірақ осындай мәмілелерді құжаттандырып жүрген нотариустің «Жылжымайтын мүлікке құқықты және сатып алу-сатуды мемлекеттік тіркеу туралы» заңында сатып алушы ақшаны толық төлеген соң ғана мүлікке иелік ету рәсімделеді деген ереженің жоқтығын білмегені ме? Сондай-ақ, нотариус егер екіжақты келісім жазбаша жасалды екен, онда оның барлық талаптары түгел жазбаша жасалуы тиіс екендігін қалай қаперге алмаған? Міне, осылайша нотариустің заңды дұрыс білмеуінің салдарынан К. сот барысында жеңіліс тапты.

-Нотариуске немесе реалторлық кеңсе мамандарына сенеміз деп сан соғып өкініште қалатындардың кездесетіні туралы айтып кеттіңіз. Мұндай келеңсіздікке жол бермеудің кепілі әрбір азаматтың заңды дұрыс білуі, солай емес пе?

-Дұрыс айтасыз. Бүгінде азаматтарымыздың ең кем дегенде орта білімі бар. Ендеше өз құқығымызды өзіміз біліп, қорғамасақ, кім қорғайды? Бізде өкінішке орай «болары болып, бояуы сіңіп» қойған соң құқық органдарына не сотқа шағымданып жатады. Негізінен сіз жылжымайтын мүлікті сату немесе сатып алу шарасын қолға алмас бұрын бұл істің ұңғыл-шұңғылымен жан-жақты танысып алуыңыз қажет. Мәселен, шет елдерде үйленген адамдар алдымен мүлікке иелікке қатысты нотариус бекіткен шарт жасап алады. Мұның өзі кейін ажыраса қалған жағдайда түрлі түсінбеушіліктерге жол бермеуге негіз жасайды. Сондай-ақ, мұрагерлік жайы да Батыс елдерінде алдын ала әрбір пункітіне дейін айқындалып, нақты жасалады. Мұндай тәжірибе енгізілмеген біздің елімізде соңғы жылдарда қатары көбейе түскен ажырасқан ерлі-зайыптылар мен қайтыс болған туыстарының мүлкін

бөлуге қатысты дауларды шиеленістіріп, ақыр соңында ағайындар арасын алшақтатуда. Сондықтан да, азаматтарымыз мүлікке құқық жөніндегі заңдарды дұрыс білуі қажет. Сонда өкінішке ұрындыратын түрлі келеңсіз жайлардан аулақ боламыз.

Мараш Манабаева, Ақмола облыстық сотының судьясы:

«АДАМДАРДЫҢ КӨБІ МҰРАГЕРЛІКKE ҚАТЫСТЫ ЗАҢДАРДАН БЕЙХАБАР»



Жеке меншікке негізделген нарықтық экономика адамдардың тұрмысы мен көзқарасына, мемлекеттік жүйеге, жалпы қоғамымызға айтарлықтай өзгерістер әкелді. Еліміз бағдар ұстанған нарықтық экономика талаптарына сай заңдар қабылданып, сол арқылы қоғамдағы өзгерістер жүзеге асып жатқандығы белгілі. Нарық талабына сай қабылданған заңдардың қатарына мұрагерлік туралы заңнамаларды алуға болады. Біраз уақыт

кеңес заманында қабылданған заңдарға ішнәра өзгерістер енгізіп, соны пайдаланып келсек, 2007 жылдың 12 қаңтарындағы ҚР Азаматтық Кодексінен енгізілген өзгерістер мұрагерлік туралы құқықтық түсінікті түбегейлі өзгертті. Бұл өзіміз өмір сүріп жатқан нарықтық қоғамның талаптарына толық жауап беретіндей дәрежедегі өзгерістер болған еді. Ақмола облыстық сотының мұрагерлік дауларды шешумен айналысып жүрген азаматтық алқасының судьясы Мараш Амангелдіқызы Манабаевамен әңгімемізде сот саласындағы мұрагерлік заңнамалардың қолданылу жайы тілге тиек болды.

-Қоғамдық меншікке негізделген социализм «шекпенінен» шыққан біздерге «мұра, мұрагерлік» деген түсініктер біртүрлі жат сияқты. Дегенмен, қазіргі нарық заманында ол меншікке қатысты заңнамаларымыздың негізгі бір бөлігіне айналып отырған түрі бар. Жалпы, сот саласында бүгінде қолданылып жүрген мұрагерлікке қатысты заңнамалар жайлы не айтасыз?

-Кеңес заманындағы Азаматтық Кодексте мұрагерлікке қатысты көп айтылмайтын. Негізінен мемлекет меншігі үстемдік ететін сол кезде мұрагерлікке қатысты азаматтардың мүдделілігі де онша жоғары болмайтын-ды. Ал, нарыққа көшкеннен кейін бұл туралы адамдардың көзқарастары түбегейлі өзгеріске ұшырады. Әсіресе, үлкен қалалардағы жылжымайтын мүлік бағасының шарықтап өсуі, одан қалды жер, мол табыс түсіретін жеке меншікті кәсіпорындар, құнды

қағаздар сияқты жеке азаматтардың өз меншігіндегі игіліктердің болуы, мұрагерлік туралы заңнамаларды өзгертуді талап етті. Осыған орай 2007 жылы Азаматтық Кодекске енгізілген өзгерістер қазіргі уақыт талабына сай жасалды.

Мұрагерлікке қатысты заңнамада өзгерістер өте көп. Солардың ең бастысы ретінде мұрагерлікті қабылдап алу туралы айтар едім. Бұрын егер әке-шешесі қайтыс болса, оның мүлкі еш дау-дамайсыз балаларына көшетін де және оны заңдастырып жатудың да еш қажеті болмайтын. Қазір қайтыс болған адамның балалары, не туыстары нотариустың бекітуі арқылы белгілі мерзім аралдығында мұраны қабылдап алуы тиіс. Міне, содан кейін ғана әлгі мүлікке оның меншік құқығы сақталады. Егер белгілі бір себептермен уақытында мұраны қабылдамаса, онда сот шешімі бойынша қабылдау мерзімі қалпына келтіріледі. Яғни, содан кейін оның мұраны заңды түрде қабылдауына мүмкіндігі бар. Мұның өзі мұраны заңда белгіленген ережелерге сай қабылдап алуға міндеттейді.

-Мұраны қабылдап алу үшін қайтыс болған адамның өсиеті қажет пе?

-Нотариус куәландырған өсиет болса, ол қабылдап алу кезінде негізгі құжат ретінде қарастырылады. Дегенмен, өсиеттің болуы міндет емес. Заңға сәйкес, мұрагерлік тізбесіне енгізілген адамдардың қай-қайсысы болмасын, мұраны қабылдап алуына құқы бар. Егер бір азамат қайтыс болды дейік. Оның мұрагерлері заң бойынша ең алдымен әйелі, балалары, содан кейін ата-анасы, туыстары, немере туыстары болып келеді. Осыған орай балаларының бірі келіп, мұраны қабылдап алуына болады. Яғни, егер кім бірінші келіп заң бойынша мұраны қабылдап алса, мүлік соның меншігіне көшеді. Дегенмен де, оған келіспеген басқа туыстарының мұраны қабылдап алуға қатысты өз мүдделеріне сай заңды құқықтарын пайдалануларына мүмкіндігі бар. Бұл арада мұраны қабылдап алу мерзімі өтпеген жағдайда ғана солай жасауға болатындығын ескерген жөн. Егер белгілі себептермен мерзімін өткізіп алса, сот шешімі бойынша оны қалпына келтіруге болады. Яғни, заңда мұрагерлердің өз құқықтарын заң шеңберінде қорғауына мүмкіндіктер жан-жақты қарастырылған.

-Мұрагерлік тізбесі дегенді айттыңыз, сонда оған тек әйел-балалары мен туыстары ғана ене ме, жоқ шет елдердегідей бейтаныс адамдарға да мұра қалдыруға бола ма?

-Бұрынғы заңда мұрагерлік тізбесіне тек отбасы мүшелері мен жақын туыстары ғана енгізілетін. Жаңа заңда тізбеге енетіндер саны көбейтілген. Ең бірінші кезекте әйелі, балалары болса, содан кейін ата-анасы, туған туыстары, үшінші кезекте немере туыстары мен олардың балалары және тамыр-таныстары мен дос-жарандары да бар. Мұрагерлік тізбесіне енген адамдардың барлығы да мұраны қабылдап алуға құқылы. Бірақ, бұл арада оның тізбенің нешінші кезегінде тұрғандығы ескеріледі. Мысалы, немере туысы мұра

қалдырған адамның балаларының алдын орап, мұраға ие бола алмайды.

-Егер қайтыс болған адам өсиет жазып, мен барлық мүлкімді мына адамға қалдырамын деп кетсе ше?

-Бұл нотариус куәландырған өсиет болса, ол заңды құжат болып саналады және қайтыс болан азаматтың еркі орындалады. Яғни, барлық дүние-мүлкі әлгі өсиетте көрсетілген адамға өтеді. Бірақ, бұл арада мына жағдайды естен шығармау қажет. Заңда міндетті үлескерлер жайы да ескерілген. Олардың қатарында кәмелетке толмаған балалары, еңбекке жарамсыз әйелі, не ата-анасы болса, бұндай жағдайда олардың үлестері сақталады. Яғни, барлық мүлкімді мына адамға, не қоғамдық ұйымға беремін деп өсиет жазғанымен, сол мүлкіктен осы аталған отбасы мүшелеріне тиесілі бөлігі олардың үлесіне беріледі де, қалғаны өсиет қалдырушының еркімен басқа жанға, не қоғамдық ұйымның меншігіне өтеді.

-Ақмола облыстық сотында мұрагерлікке қатысты дау-дамайлы істер көп қарала ма?

-Жыл өткен сайын аздап өсу байқалады, дегенмен анау айтқандай күрт өсім жоқ. Мәселен, 2007 жылы мұрагерлікке қатысты 72 іс қаралса, өткен жылы 91 іс қаралды. Негізінен қаралып жатқан істің дені мұраны қабылдап алуға, мұраны қабылдап алу мерзімін және мұрагерлік айғақты қалпына келтіруге қатысты болып келеді. Бұның себебі, менің ойымша, адамдардың заңды дұрыс білмеуінен сияқты. Көп адамдар заң бойынша мұраны қабылдап алу қажеттігінен бейхабар. Сөйтіп жүріп, мерзімін өткізіп алады да, үйді сату, айырбастау немесе басқа да қажеттіліктер туған кезде одан мұрагерлік жайлы құжат талап етсе, содан кейін ғана мұрагерлікті заңдастырудың қажеттігін түсінетін жағдайлар кездесіп жатады. Сотқа арызданып келушілердің негізгі бөлігі де сондайлар.

-Мұраға таласып сотқа жүгініп жатқандар бар ма?

-Әзірге ондайлар кездесе қойған жоқ. Менің ойымша, мұраға қатысты дау-дамай туындай қалса, оны адамдар өзара келісіп шешуге тырысатын сияқты. Олар сотқа басқа мүмкіндік болмай қалмаған жағдайда ғана келеді. Астана, Алматыдағы жағдайдың қандай екендігін білмеймін, бізде жыжымайтын мүлкі, құнды қағаздары, мол табыс түсіретін кәсіпорындары бар аса бай адамдар онша көп емес. Сондай-ақ, жылжымайтын мүлік бағасы да анау айтқандай тым жоғары емес. Мұраға қатысты сот арқылы талас-тартыстың бола қоймауына бұл да белгілі дәрежеде ықпал ететін сияқты. Сонымен бірге, адамдардың көбі әлі де сол кеңес заманындағы түсінікпен өмір сүріп жатқан тәрізді. Мұра қалдыру жөнінде өсиет жазу деген де бізде әлі өмірге кең ене қойған жоқ. Дегенмен де., нарық талабы өз дегенін жасамай қоймайды деген ойдамын. Біз де ақырындап сол шет елдердегі сияқты әрбір азамат өзінің мұрагерлік құқығын, міндеттерін

жақсы білетін және соны барынша пайдаланатын жағдайға жетіміз деген сенімдемін.

**Ақмола облыстық соты кассациялық алқасының судьясы
Алма Есенеева:**

«Судья үшін ең басты қасиет – адамдарға құрмет сезімімен қарау»



Заң шегін аттап, қылмыс жасаған жанға сол заңсыз әрекетіне лайықты жаза белгілеп, заң шеңберінде үкім шығару – айтуға ғана оңай болғанмен, іс жүзінде қиын да, жауапты міндет. Дегенмен де, өзің сияқты ет пен сүйектен жаратылған тірі пендені жазалау, ұзақ жылдар бойы қапаста отыру сияқты ауыр жазаға тарту жүйкеге салмақ түсіретін ауыр шаруа екендігін екінің бірі оншалықты түйсіне бермейді. Қылмыскерлер мен мемлекеттік айыптаушының және қоғаушының сөздерін тыңдап, соны заң баптарына салып үкім шығару қиын болып па, тәйірі дейтіндер де бар. Бірақ адам тағдырын таразылау, жәй таразылап қоймай, қатаң заң шеңберінде және әділ үкім шығару біз ойлағандай анау айтқан оңай іс емес. Осындай ауыр міндетті абыроймен атқарып, қиын мамандықтың иесі болып жүрген нәзік жанды қыз-келіншектер де аз емес. Солардың бірі – Ақмола облыстық сотының кассациялық алқасының судьясы Алма Қадырбайқызы Есенеева. Біздің әңгімеміз оның судьялық мамандыққа қалай келгендігі, нәзік жанды әйел адамдар үшін бұндай мамандықты игерудің қаншалықты қиындықтары мен ерекшеліктері бар екендігі жайлы өрбіген еді.

-Адам тағдырын таразыға салып, заң шеңберінде әділ шешім шығару нәзік жанды әйел түгілі, ер адамның да жүйкесіне салмақ түсіретін ауыр міндет. Кейде судьялық мамандыққа неге келдім деп қиналатын кездеріңіз кездеспей ме?

-Өр мамандықтың өзінің қиындықтары мен қызық жақтары болады. Әрине, әйел адамға судья болу оңай емес екендігі белгілі. Өйткені қылмыс жасап, заң шегінен аттаған жандардың сондай теріс әрекеттері жайлы егжей-тегжейіне дейін тыңдап, төбе шашыңды тік тұрғызатын аса ауыр қылмыстарды жүрегіңнен өткізу жүйкеге салмақ түсіретіні анық. Бірақ қазақ «үш күннен кейін адам қабірге де үйренеді» демей ме. Уақыт өте келе әлгіндей аса ауыр қылмыстарды сабырмен тыңдап, оны не себепті жасағандығын, мұндай қадамға баруға не түрткі болғандығын түсінуге, жалпы қылмыскерге торға қамалған аң

сияқты емес, өзің тәрізді ет пен сүйектен жаратылған пенде ретінде қарауға тырыса бастайсың. Жалпы судья ешқашан сезімге бой алдырмайтын, әрдайым салқынқанды болып, шешімді тек қатаң заң шеңберінде шығаруды басты мақсат етуі тиіс. Осылай жасағанда ғана судья жазықсыз жанды соттап, оның обалына қалдым ба немесе сонша ауыр жәбір көрген адамға жасаған жауыздығына лайықты жаза тағайындамай, жәбір көрушіге қиянат жасадым ба деп өзін-өзі іштей кінәлап, қиналмайтын болады.

Судья үшін ең бастысы әрбір заң бұзушылық, қылмыс еліміздің қабылдаған, қолданыстағы заңдары шеңберінде бағаланып, соған сай жазаға тартылуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда судья да мемлекет деп аталатын алып машинаның бір тетігі іспетті. Біз де мемлекетке қызмет етіп жатқан мұғалімдер мен дәрігерлер, малшылар мен диқандар сияқты өзімізге жүктелген міндетімізді адал атқарып жатырмыз. Өзіңнің елің үшін керек екендігіңді, ітеп жатқан жұмысыңның халық пен елге қажеттілігін сезіну әрдайым көңіліңде қанағат сезімін туғызып, бойыңа күш құяды. Сондықтан болар мен ешқашан да «неге бұл мамандықты қаладым екен?» деп өкінген де, қиналған да емеспін. Керісінше, өмірден өз орнымды тауып, қабілет-қарымым жететін іспен айналысып жүргеніме қуанамын.

-Судья болу үшін адамның бойында ең алдымен қандай қасиеттер болуы керек деп санайсыз және қызмет барысында бойыңызға біткен сондай қасиеттердің қандай көмегі тиеді?

-Мейлі судья, болмаса басқа қызметте болсын ең алдымен адамға деген құрмет сезімі болуы керек. Әлденеше рет сотталған, аса ауыр қылмыс жасаған адам бола ма, әлде маскүнемдікке салынған, үй-күйден айрылған жан ба – оның сыртқы бейнесіне, қазіргі ахуалына қарамай, бұл да өзім сияқты ет пен сүйектен жаартылған адам баласы ғой деген көзқараста болмасаң, судья болу, заң шеңберінде әділ үкім шығару өте қиын. Жоғарыда айтып кеткенімдей, судьяға қажетті ең бірінші қасиет – ол сезімге бой алдырмай әрдайым салқынқанды, сабырлы болу. Кейде сот мәжілісі барысында қарсы жақтар бірін-бірі айыптап, тіпті ар ұялар сөздер айтып жатады. Кейде қылмыскердің жасаған аса ауыр, қатыгез әрекеттері жайлы өз аузынан немесе куәлардың сөзінен ұңғыл-шұңғылына дейін естисің. Сондай сәттерде сезімге бой алдырып, « бұл адам емес, аңнан да жаман біреу ғой, мұндайларды ең дұрысы қоғамнан аластап, көздерін құрту» деп ойлап, сондай көзқарасыңды сөзіңмен, бет бейнеңмен сездіріп жатсаң, бұл судьяның әлсіздігін, өз міндетін дұрыс атқара алмайтындығын көрсетеді. Сезімге бой алдырған судья заң шеңберінен шығып, шешім шығарғанда қателікке ұрынуы мүмкін. Сондықтан, судья үшін ең басты қасиет – салқынқандылық, сабырлылық және адамдарға құрметпен қарау.

Әр адамға жеке тұлға ретінде қарап, қарым-қатынас жасауға ұмтылған жөн. 1990 жылы Ақтау қалалық сотында М. деген азаматқа

қатысты қылмыстық істі қарағаным бар. Ол осыдан бұрын аса ауыр қылмыс жасаған және қауіпті қылмыскер деп танылған адам еді. Осыған орай оның соңынан әкімшілік қадағалау қойылған. Оған қатысты іс әкімшілік қадағалау ережесін бұзғандығына байланысты қозғалған болатын. Сот барысында әлгі азаматқа қатысты әкімшілік қадағалау тәртібін бұзғандығы жөніндегі айыптаудың негізсіз екендігі анықталды. Осыған орай сот оны ақтап шығарды. Бұрын әлденеше рет сотталған, аса қауіпті қылмыскер деп танылған адамды біз осылайша ақтап шығардық. Өйткені оның дәл сол кезде еш заң бұзушылығы жоқ еді. Осыған орай әлгі азамат арнайы келіп маған шын жүректен алғысын айтқаны есімде қалыпты. Ал, біз шығарған сот шешімі кейін жоғары қатардан қолдау тауып, өзгеріссіз қалдырылды.

-Судьялардың арасында кездесіп қалатын жемқорлық заң бұзушылықтар мен қылмыстар жайлы не айтасыз?

-Қарапайым жұртшылықтың сотқа деген көзқарасы судьялардың іс-әрекеттеріне байланысты қалыптасатыны белгілі. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дегендей-ақ, судьялардың арасында кей-кейде кездесіп жататын парақорлар мен қызмет бабын теріс пайдаланушылар жалпы соттың атына кір келтіріп жататыны бар. Судья өз қызметіне кіріспес бұрын ант қабылдайды. Міне, сол антын бұзып, өзіне сеніп тапсырылған ауыр да жауапты міндетін дұрыс атқармай, оны жеке басының қамы үшін пайдалану берісі антбұзарлық, әрісі арсыздық деген жөн болар. Мұндай адамдарға сот органында орын болмауы керек деп ойлаймын.

-Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

-Жалпы менде бос уақыт деген онша көп бола бермейді. Қазір судьяға жүктелер жүктеме деңгейі ауыр. Таңертеңнен кеш батқанша жұмыстан босай алмайсың. Дегенмен де демалыс күндері, одан қалды еңбек демалысы дегендер болатыны белгілі. Ондай сәттерде ең алдымен ауылда тұратын анам мен туған бауырларыма барып, солардың ортасында боламын. Бір сәт болса да, өзіңді жақсы көретін, ең жақын жандардың арасында болу, барлық ауыртпалықтар мен қиындықтарды ұмыттырып, алаңсыз демалуға жағдай жасайды.

Сонымен бірге бала кезден қалыптасқан бір ермегім – көркем әдеби кітаптарды оқу. Қолым қалт еткен сәттерде кітап оқимын. Сондайда бар дүниені ұмытып, өзге бір ғажайып әлемнің ішіне еніп кеткендей сезінесің. Шынын айтқанда, қандай кітап болмасын, адамды жақсылыққа, жамандықтан жерінуге насихаттайды. Жақсы кітап оқығанда жаның сергіп, мына фәни жалғанда жақсы адамдар, әділдік, қайырымдылық деген тамаша қасиеттер бар екен-ау деген ойға берілесің. Бұның өзі судья үшін ең қажетті қасиет – адамдарға деген сенімі мен құрметін жоғалтып алмауына игі ықпалын тигізеді.

Қолым қалт еткендегі тағы бір ермегім – тоқу. Анамнан үйренген осы ермегім бір жағы уақытымды жақсы өткізуге көмектессе, екіншіден пайдалы іспен айналысып, жаның жадырап қалады.

-Бүгінде әйелдер мен ер адамдардың теңдігі, гендерлік саясат дегенді жиі айтып жатамыз. Қазір өзіміз өмір сүріп отырған қоғамда әйелдер теңдігі бар ма?

-Әйелдер теңдігі бар ма, жоқ па деген мәселенің қойылуы дұрыс емес деп санаймын. Әйелдер теңдігі бар екеніне көзіңізді жеткізгіңіз келсе үшін кез-келген мекемеге кіріп көріңіз, онда әйелдерді кездестіресіз. Бүгінде әйелдер атқармайтын жұмыс жоқ. Әйел кәсіпкер, әйел дәрігер, әйел жұмысшы, әйел саясаткер, әйел ғалым. Қай саланы алып қарасаңыз да әйелдер жұмыс істемейтін жер жоқ десе болады. Әйелдер қоғамның толыққанды мүшесі ретінде отбасында да, еңбек ұжымында да өз орнын тапқан. Ендеше, әйелдер теңдігі туралы әңгіме қозғаудың еш жөні жоқ емес пе.

Өзім еңбек ететін облыстық сотта да әйел судьялар аз емес. Облыстық сотта қызмет істейтін 27 судьяның 15-і әйел екен. Қалалық, аудандық соттарда да әйел судьялар аз емес. Әйел судьялар қызмет жайымен, жоғары қатарлы соттарға судья боламын немесе сот алқасының төрайымы боламын десе жол ашық, арыздарын жазып, резервте тұрғандар бар. Олар уақыты келгенде өз қабілет-қарымдарын көрсете алса, қызмет сатысымен жоғарылауға толық мүмкіншілік бар.

-Бүгінде жас қыздардың арасында арақ ішу, темекі тарту, жезөкшелік сияқты жаман әдеттер көбейіп кетті. Дене мен дене болып жабысқан тар киім киіп, кіндіктерін көрсетіп жүру сәнге айналды. Бүгінгі жас қыздар туралы пікіріңіз қандай?

-Бәріміз де жас болдық. Жас кезде адам әрнәрсеге еліктегіш, қызба және сезімге бой алдырғыш болып келетіні белгілі. Сондықтан да жастар анау, жастар мынау деп кінәлай берудің жөні жоқ деп ойлаймын. Қазіргі жастардың, олардың ішінде қыз балалардың арасында дарынды, өздерін жақсы қырынан көрсетіп жүрген таланттылар аз емес. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шет елдерде білім алып жатқан талантты жастардың арасында қыздарымыз жетерлік. Сол бағдарлама шеңберінде оқуды бітіріп келіп, жауапты қызметтер атқарып жүрген қыздарымыз да аз емес. Бірнеше тіл білетін, өз жұмысын ұршықтай үйретін жап-жас қыздарды көргенде жаның сүйсінеді. Кәсіпкер болып, бизнес саласында биіктерге қол жеткізген қыздарымыз, өнер мен мәдениетте, ғылымда атақтарын шығарған аруларымыз да баршылық.

Бірақ та «Бес саусақ бірдей емес» дегендей, жас қыздарымыздың арасында араққа, темекіге, нашақорлыққа, жезөкшелік сияқты жаман әдеттерге бой ұрғандар да өкінішке орай кездесіп қалатынын жасыруға болмас. Кіндіктерін көрсетіп, жартылай жалаңаш жүру де сәнге айналды. Мұның бәрі өзіміз өмір сүріп отырған қоғамға, сол қоғам ұсынып отырған тәлім-тәрбиеге байланысты туындаған олқылықтар деп санаймын. Адамды азғындыққа насихаттайтын шет елдік картиналар мен қаптап кеткен тәуелсіз телеарналардан берілетін

зорлық-зомбылық, арсыздықты арқау еткен телехабарлар жастарымыздың санасын улап жатыр. Сондықтан ең алдымен үйде ата-ана, мектепте мұғалім болып жастарымызды халықтың жақсы дәстүрлері мен құндылықтарына үйретуіміз қажет. Жастар деген кімдер? Ол біздің болашағымыз, ертеңгі орнымызды басар ұрпағымыз, олар біздің ұл-қыздарымыз бен іні-қарындастарымыз. Сондықтан жастарымыздың жақсы, не жаман болып қалыптасуына баршамыз жауаптымыз.

Кеңес заманында зорлық-зомбылық пен арсыздықты насихаттайтын кинолар көрсетілмейтін, сондықтан болар ол кезде жастар арасында бүгінгідей жаман әдеттер көп кездеспейтін. Осыған орай, шет елдік лас ақпараттарға тосқауыл қою жағын заң шеңберінде қарастырған жөн болар еді.

**Ақмола облыстық соты апелляциялық алқасының судьясы
Әскербек Жакулин:**



«Судьяның міндеті қылмыс жасағандардың бәрін бас бостандықтарынан айыру емес»

Әлем елдерінің сот тәжірибесінде заңнаманы ізгілендіруге жете көңіл бөлінеді. Өйткені, соттың міндеті заң бұзғандарды түгел жазалап, түрмеге тоғыту емес, орайы келсе бас бостандығынан айыру жазасын басқа жеңілдеу жазалармен ауыстыруға, ал екі жақ келісімге келген жағдайда материалдық шығын өтелген соң оны қысқартуға көбірек ден қояды. Осылайша шалыс басып, заң шегінен аттағандарға осы қателігінен сабақ алып, алдағы уақытта оны қайталамай дұрыс өмір сүруге жағдай туғызады. Соңғы жылдарда біздің елімізде де заңнаманы ізгілендіру ісіне көбірек көңіл бөліне бастады. Осыған орай, әрбір 100 мың адамға шаққанда бас бостандығынан айрылғандар саны жағынан әлемдегі ең алдыңғы орындардың бірінен көрінген Қазақстан сотталғандар санын азайтып, бұл салада біршама алға жылжыды. Ақмола облыстық соты апелляциялық алқасының судьясы Әскербек Бейсембекұлы Жакулинмен әңгімеміз сот саласында ізгілендіру заңнамаларын қолдану жайы туралы өрбіген еді.

-Дүкенге түсіп екі жарты арақ, бір көйлек ұрлаған адамды пәлен жылға соттайтын уақыт қазір келмесе кетті. Заңнаманы

ізгілендіру бағытындағы қазіргі атқарылып жатқан жұмыстар жайлы не айтасыз?

-Судьяның міндеті қылмыс жасаған адамның бәрін бірдей жазаға тартып, бас бостандығынан айыру емес. Ол қылмысты қандай жағдайда жасады, бұрын сотталған ба, жұмыс істейтін орынынан алған мінездемесіне, тағы да басқа жайларға назар аударамыз және екі тарап келісімге келіп татуласып жатса, істі қысқартуға күш саламыз. Қазір жұмыс істеп жатқан медияция жөніндегі заң да осы бағыттағы жасалған игі қадамдардың бірі десе болады.

Биылғы жылдың басынан бері облыс соттарына сотталғандардың өтініштері, түзеу мекемелері әкімшіліктерінің, түзеу жұмыстары инспекцияларының ұсыныстарымен 1692 іс келіп түскен екен. Олардың 103-і кері қайтарылды. 1104 өтініш пен ұсыныс қаралып, түрлі шешімдер шығарылды. Атап айтқанда, 424 адамға байланысты өтініш қанағаттандырылса, 680 адамға қатысты іс қанағаттандырылмады. Жауапкершілік жазаны жеңілдетуге байланысты 828 ұсыныс қаралып, оның 191-і қанағаттандырылды. Бас бостандықтарынан айрылған 42 сотталған адам босатылды. Соттарға түскен арыздар мен ұсыныстардың бәрі белгіленген мерзімде қаралып, тиісті жауабы беріледі және шешімдер шығарылады.

-Елбасының өзі сот және құқық қорғау органдары басшыларымен кездесуінде жеңіл қылмыстар жасағандарды бас бостандығынан айырмай, оны ауыстыратын басқа жазаларға тарту жөнінде ой қозғаған еді. Осы бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

-Биылғы жылдың басынан бергі мерзім ішінде ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін 309 адам сотталған. Енді осы адамдарға қолданылған жазаларға назар аударып көрейік. 6 адам айыппұл төлеуге, 25-і қоғамдық жұмыстарға тартылуға, 56-сының бас бостандықтарын шектеуге шешім шығарылды, ал 4-уіне тәрбиелік сипаттағы шаралар қолданылды. 46 адам бас бостандығынан айрылса, олардың 1-уі бір жылға, 9-ы 2 жылға дейінгі мерзімге, 28-і 2 жылдан 5 жылға дейін, 8-і 5 жылдан артық мерзімге сотталған.

Онша ауыр емес қылмыс жасаған 57 адам сотталды. Олардың 5-уі айыппұл төлеуге, 6-уы қоғамдық жұмыс атқаруға, 5-уінің бас бостандығын шектеуге, 1-уі тәрбиелік сипаттағы шара қолдануға шешім шығарылды. Ал, 12 адам бас бостандығынан айыру жазасына тартылды. Осы келтірілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, судьяларымыз ауырлығы орташа және онша ауыр емес қылмыс жасағандарға көбіне бас бостандығынан айырмау жөніндегі жазалар қолдануда. Мұның бәрі де елімізде қолға алынып жатқан қылмыстық заңнамаларды ізгілендіру бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар екендігі анық.

-Қылмыстық заңнамаларды ізгілендірудің уақыт талабынан туған қажеттілік екендігі түсінікті. Бұл ең алдымен, жеңіл қылмыс

жасағандарға, бұрын сотталмаған адамдарға қолданылады. Ал, оның кәмелетке толмаған жасөспірімдерге қаншалықты әсері бар?

-Қылмыстық заңнамаларды ізгілендірудің кәмелетке толмаған балаларға тигізетін әсері аз емес. Жасөспірімдер арасында аса ауыр қылмыс жасағандарға болмаса, бас бостандығынан айыру жазасы көп қолданыла қоймайды. Биылғы жылдың алғашқы бес айында облыс соттарымен 3 аса ауыр қылмыс, 11 ауыр қылмыс, 20 ауырлығы орташа қылмыс және 1 онша ауыр емес қылмыс жасаған 35 кәмелетке толмаған жасөспірім сотталды.

Біз осы жасөспірімдердің мұндай қылмысқа қалай, неліктен барғандығын зерттеп, талдау жасаған едік. Сонда белгілі болғаны, қылмыс жасағандардың 18-і жұмыссыз және еш жерде оқымайды, 10-ы оқушы, 7-уі студент, 27-сінің орта білімі жоқ. Жасөспірімдердің 4-уі қылмысты арақ ішіп мастықтың салдарынан, 28-і алдын ала келісіп алып жасағандығы анықталды. Олардың 3-уі бұрын сотталған.

Қылмыс жасаған жасөспірімдердің 1-уіне қоғамдық жұмысқа тартуға, 10-на бас бостандығын шектеуге, 5-уіне тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын қолдануға шешім шығарылды. 5 жасөспірім бас бостандығынан айрылса, олардың 2-уі 2 жылдан артық, 2-уі 5 жылдан жоғары мерзімге, ал біреуі 12 жылға сотталды.

-Сот тәжірибесінде тараптардың өзара келісуі, татуласуы сияқты себептерге байланысты қылмыстық істердің қысқартылуы кездесіп жатады. Жыл басынан бері осындай қанша іс қысқартылғаны жөнінде айта кетсеңіз.

-Биылғы жылдың басынан бері осындай себептермен қысқартылған істер саны – 874. Олардың 819-ы ҚР Қылмыстық кодексінің 67 бабына сай, яғни, тараптардың өзара татуласуы себепті қысқартылды. Ал, 35 іс өндірісі заңнаманы ізгілендіруге байланысты, 20 іс басқа да материалдық және іс жүргізу талаптарына орай қысқартылды.

Сонымен бірге, кәмелетке толмағандарға байланысты 38 іс қысқартылса, олардың 30-ы ауырлығы жоғары емес қылмыстар, ал қалғандары екі жақтың татуласына орай тоқтатылды.

Жалпы алғанда, соңғы жылдарда сот саласында заңнамаларды ізгілендіру бағытындағы жұмыс белсенді бола түскендігін атап өткен жөн. Қазір судьялар заң шегінен аттағандардың бәрін жазалауды басты міндет деп санамайды. Реті келсе, Елбасының атап өткеніндей онша ауыр емес қылмыс жасаған адамдарды материалдық шығынды өтеу, басқа да жауапкершіліктерге тарту жайына жете көңіл бөліне бастады. Шынында мұның өзі біз бағдар ұстаған демократиялық қоғамның басты талаптарының бірі екендігі анық.

ІСТЕРДІ ҮЗІЛІССІЗ ҚАРАУДЫҢ ТИІМДІ ЖАҚТАРЫ КӨП

ҚР Жоғарғы сотының бастамасымен 2008 жылдың 7 тамызынан бастап қылмыстық істерді үзіліссіз қарауға байланысты эксперимент қолға алынған болатын. Істерді қарау мерзімінің созылып кетуіне тосқауыл қоюға, сол арқылы судьялардың қарайтын істерінің қордаланып қалуын болдырмауға және сот шешімінің сапасын жақсартуға жағдай жасайтын бұл эксперимент нәтижелі болған жағдайда 2010 жылдан бастап еліміздің барлық соттары қылмыстық істерді үзіліссіз қарауға көшуі мүмкін.

Ақмола облысында істерді үзіліссіз қарау экспериментіне Көкшетау қалалық соты мен Щучье аудандық соты тартылып, қазір аталмыш соттар айтарлықтай жұмыстар жүргізіп жатыр. Облыстағы эксперимент ретінде қолға алынған істерді үзіліссіз жүргізу тәжірибесінің үйлестірушісі облыстық соттың қылмыстық істер алқасының судьясы **Бейсембай Ақжанұлы Сәрсеновпен** осы бағыттағы атқарылған жұмыстар жөнінде әңгімелескен едік.



-Кейде бірер күнге, кейде апталараға созылатын үзілістермен жүретін сот процестері жауапкерді ғана емес куәларды, қорғаушы мен мемлекеттік айыптаушыны, басқа да сотқа қатысқан адамдарды қажытатынын көріп те, естіп те жүрміз. Осыған орай сот мәжілістерін үзіліссіз жүргізу жөніндегі қолға алынған бұл бастаманың маңызды екендігі айдан анық. Облысымызда осы бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстар жайлы не айтасыз?

-2008 жылдың тамызынан бастап қолға алынған бұл экспериментке облысымыздың екі соты – Көкшетау қалалық соты мен Щучье аудандық соты тартылды. Өткен жылдың тамызынан бастап осы екі сотта 115 қылмыстық іс үзіліссіз жүргізу бойынша өткізіліп, шешім шығарылды. Биылғы жылдың қаңтарынан бастап 26 қылмыстық іс үзіліссіз жүргізу бойынша қаралды. Қаралған қылмыстық істердің 2-уі жеңіл дәрежелі, 18 іс орта дәрежелі, 5-уі ауыр дәрежелі, ал 1-уі аса ауыр қылмыстар санатында. 13 адамға айыптау үкімі шығарылып, екі жақтың келісуіне орай 12 іс қысқартылды, ал 1 іс қайта қарауға жіберілді.

Биылғы жылы қаралған істердің арасында 8 іс жәбірленуші мен куәлардың келмеуіне байланысты кейінге қалдырылған еді. Үзіліссіз

сот процесі дегенмен де онда да түрлі жағдайларға байланысты осындай үзілістер болып қалады. Дегенмен де бұл 8 қылмыстық іс қайта қаралып, аяғына дейін жеткізілді.

-Үзіліссіз соттың ерекшелігі неде?

-Сот мәжілістері демалыс күндерден басқа уақытта үзіліссіз жүргізіледі. Бұл күндіз-түні үзіліссіз жүргізіледі деген сөз емес. Бірақ бұрынғыдай бір-екі күнге, не тіпті аптаға созылатын үзілістерге жол берілмейді. Сондай-ақ, судья бір істі қарау барысында араға киліккен белгілі себептерге байланысты бірер күнге үзіліс жасалған жағдайда бұрынғыдай басқа істерді қатар қарай алмайды. Оның қолға алған бір істі ақырына дейін жеткізгенше басқа істі қарауына болмайды. Мұның өзі судьяның бір істі жан-жақты қарап, неғұрлым аз уақытта жедел шешім шығаруына жағдай жасайды. Осыған орай, жауапкердің де, талапкердің де, куәлардың да көп уақыттары кетпейді.

-Жоғарғы соттың бастамасымен қолға алынып жатқан бұл тәжірибенің тиімді жақтары неде деп ойлайсыз?

-Ең алдымен, бұл сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің бір тәсілі және қаралатын қылмыстық істердің ұзаққа созылуына жол бермейді. Жасыратыны жоқ бізде кейбір қылмыстық істер бір-екі айға созылып жатады. Ал, үзіліссіз жүргізу арқылы кейбір жеңіл және орта дәрежедегі қылмыстық істерді бір күннің ішінде бітіруге мүмкіндік бар. Ал, ауыр қылмыстар бір аптада аяқталып, шешім шығарылады.

Сондай-ақ, сотты үзіліссіз жүргізу істердің қордаланып, жиналып қалмауына мүмкіндік жасайды. Аудандық, қалалық соттардағы судьялардың жүктемелерінің ауыр екендігі белгілі. Судья да пенде, көп іс жиналып қалатындықтан оны қарау барысында түрлі олқылықтарға жол берілуі де мүмкін. Араға бір-екі жеті салып қаралатын кейбір істердің қыр-сырын естен шығарып алған судьялар осыған байланысты кемшіліктерге жол беріп жатады. Яғни, мұның өзі сот шешімдерінің сапасына да ықпалын тигізетіні анық.

Сотты үзіліссіз жүргізудің ең үлкен тиімді жағы сотқа қатысатын қарапайым азаматтардың көп уақыттарын жоғалтпауларына жағдай жасайды.

-Бұл тәжірибенің басталғанына да жарты жылдай уақыт өткен екен. Осы кезең ішінде экспериментке тартылған екі сотта біраз істер қаралып, шешім шығарылыпты. Сот барысында кездескен қиындықтар болды ма?

-Қандай жұмыста да қиындықтар мен кедергілердің кездесетіндігі белгілі жай. Сотты үзіліссіз жүргізу барысында да біраз қиындықтар ұшырасты. Соның ең бастысы, судьялар тарапынан ұйымдастыру жұмыстарының нашарлығы, сот мәжілістерін өткізуге дайындық барысындағы сот хатшыларының жұмысына дұрыс бақылау жасамаудан туындайтын жайлар. Дайындықтың дұрыс жүргізілмеуінен сот барысында түрлі кедергілер кездесіп, үзілістердің туындауына

соқтырады. Мәселен, куә немесе жәбірленуші уақытында келмейді немесе сараптау қортындысы белгіленген мерзімде шығарылмайды.

Жоғарыда айтқанымдай, үзіліссіз сот мәжілісін өткізуге байланысты жүргізілген 115 істің 10-ы бойынша куәларды құқық қызметкерлері арқылы еріксіз әкелуге мәжбүр болдық. Сондай-ақ, сот барысында жауапсыздығы, заңды орындамағаны үшін бірқатар адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Біз сотты үзіліссіз жүргізу барысында кездескен қиындықтар мен түйткілді мәселелер туралы Жоғарғы сотқа ақпараттық есеп беріп отырамыз.

-Сол кездесетін кедергілерді жою үшін не істеу қажет деп санайсыз?

-Ең алдымен судьяларға қойылатын талапты күшейту қажет. Судьялар сот мәжілістерін дайындауға жете көңіл бөлулері тиіс. Содан кейінгі маңызды мәселе, сот приставтарының санын көбейткен жөн. Бұл біраз қосымша қаржыны талап ететіндігі түсінікті. Дегенмен, дұрыс нәтижеге жетеміз десек, мұндай қадамнан бас тарпауымыз керек. Мәселен, пошта арқылы шақырту жіберуге 250 теңге жұмсалады екен. Ал, бір сот процесі барысында 10-15 куә шақыртылады. Сонда оларды шақыртуға қанша қаржы жұмсалатындығын өзіңіз есептей беріңіз. Ал, пошта арқылы жіберілген шақыртуларды куәлардың көбі алмай жатады. Егер шақыртуды сот приставы арқылы жіберсек, бұл әлдеқайда тиімді және сенімді болар еді. Ресейдегі сияқты сот приставтарының санын ғана емес, өкілеттігін де біраз кеңейткен жөн деп ойлаймын.

Роза Ертаева, Ақмола облыстық сотының судьясы

«Мемлекеттік сатып алуға байланысты істер саны жыл санап өсіп келеді»



Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік маңызы бар мәселе болып отыр. Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, сыбайлас жемқорлықтың ең белең алған жері – мемлекеттік сатып алу шараларын өткізу болып табылады. Ақмола облыстық сотының судьясы Роза Ертаева сотта мемлекеттік сатып алуға қатысты заң бұзушылықты қарап, шешім шығаруға байланысты іс-тәжірибелер жөнінде өз ой-пікірлерімен бөліседі.

-Мемлекеттік сатып алу шараларына қатысты заң бұзушылықтар сотта жиі қарала ма?

-Басқа санаттарымен салыстырғанда мемлекеттік сатып алуға байланысты заң бұзушылықтарға орай шағымданушылар қатары оншалықты көп деп айтуға болмайды. Дегенмен де, талдау көрсеткендей, жыл өткен сайын осы санаттағы істер қатары ақырындап өсе түсуде. Бұл санаттағы арыз-шағымдар көбінесе, тараптардың белгіленген мерзімді сақтамауына байланысты түсіп жатады. Осыған байланысты заңсыздыққа жол беруге қатысты сот жеке анықтама шығарады. Мәселен, 2012 жылы мемлекеттік сатып алуға байланысты сот 24 жеке анықтама шығарса, 2013 жылы оның саны 81-ге жеткен. Осыдан байқалып отырғандай, мемлекеттік сатып алуға байланысты заң бұзды деп сотқа шағымданатындар қатары жыл өткен сайын артып келеді.

-Осы санаттағы істерді қарау барысында заңнамадағы кейбір олқылықтарға сай қиындықтар кездеспей ме?

-ҚР Жоғарғы сотының 2012 жылдың 14 желтоқсанында «Соттардың мемлекеттік сатып алу заңнамаларын қолдануы туралы» нормативтік қаулысы шығарылған болатын. Бұл қаулы өз кезегінде судьялардың жұмысын біршама жеңілдетіп, бірізділікке түсірді. Қазір судьялар осы санаттағы істерді қарау барысында аталмыш нормативтік қаулыны басшылыққа алады. Сондай-ақ, Ақмола облыстық соты осы санаттағы істерді қарауға байланысты жыл сайын талдау жасап отырады. Мұндағы мақсат, осы санаттағы істерді қарауды бірізге түсіру, қателіктерге жол бермеу болып табылады.

Мемлекеттік сатып алуға қатысқан әлеуетті жабдықтаушылардың заң бұзушылығы сот шешімі арқылы анықталады. Шындығын айтқанда, бұл өте күрделі және заңның барлық нормаларын қарастыра жіті қарауды қажет ететін іс болып табылады. Сондықтан, мұндай істерді қарағанда заңдарымыздың барлық шарттарын назарға алу қажет.

Қолданыстағы заңға сәйкес, конкурсқа қатысқан жабдықтаушының әрекеті заң бұзушылық болып табылуы үшін белгіленген 10 күн мерзім шегінің бұзылуы назарға алынады. Егер тапсырыс беруші осы заңда белгіленген мерзімді өткізіп алып, содан кейін шағымданса, онда сот бұл істі қарамайды. Шағымда көрсетілген жай анықталып, заңсыздық белгілі болған жағдайда сот жеке анықтама шығарады.

-Сотта қаралған осы санаттағы жекелеген істер жайында кеңірек айта кетсеңіз.

-Облыс орталығында қызмет ететін тапсырыс беруші «А» деген мемлекеттік мекеме мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысқан «Д» деген жеке кәсіпкердің заңды бұзып, келісімге қол қоймағандығын алға тартып, сотқа шағымданды. Сот істі қарау барысында мына жағдай анықталды. Бұл оқиға 2013 жылдың ақпанында болған. Тапсырыс беруші компьютердің клавиатурасын сатып алу үшін тендер өткізеді. «Д» жеке кәсіпкерлігі конкурс жеңімпазы болып, жабдықтауды мойнына алады. Тапсырыс беруші 2013 жылдың 27 ақпанында жабдықтаушыға мемлекеттік сатып алу жөніндегі қол қойылған шартты

жібереді. Қолданыстағы заң талабына сай конкурс өткен соң тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу шарасының қортындысына сай неғұрлым төмен баға белгілеген жабдықтаушыға бес жұмыс күні ішінде қол қойылған шартты жібереді. Ал жабдықтаушы өз кезегінде шартқа қол қойып, жеті күн мерзім ішінде тапсырыс берушіге жолдауы тиіс.

Сотқа шағымданған тапсырыс беруші мекеме аталмыш заң талабын орындаған, яғни бес күн ішінде шартты жабдықтаушыға жолдаған. Дегенмен, «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңның 31 бабының 9 тармағына сай, тапсырыс берушінің жабдықтаушыға шартты жіберуі оны заң бұзды деп айыптауға негіз болмайды. Аталмыш заңға сай, ең басытысы жабдықтаушы тапсырыс берушінің хатын алуы тиіс. Істі қарау барысында жабдықтаушының хатты уақытынан біраз күн кешіктіріп алғандығы белгілі болды. Осыған сай, тапсырыс беруші мемлекеттік мекеменің шағымы қанағаттандырылмады.

Тағы бір іске назар аударып көрелік. «У» деген мемлекеттік мекеме «Ш» деген жеке кәсіпкердің үстінен мемлекеттік сатып алу конкурсының шартына сай қажетті затты белгіленген мерзімнен 14 күнге кешіктіріп жеткізді деп сотқа шағым түсірді. Істі қарау барысында мына жайлар анықталды. Жабдықтаушы тапсырыс берушіге қажет затты 15 қарашаға дейін жеткізуі тиіс болған, бірақ ол қажет затты тек 29 қарашада жеткізген. Яғни, белгіленген мерзім бұзылған. Бірақ та, бұл жай екі жақты шартта да, басқа құжаттарда да көрсетілмеген. Сотқа шағымданған тапсырыс беруші жабдықтаушының заң бұзушылығын айғақтайтын еш айғақ келтіре алмады. Осыған орай, сот оның шағымын қанағаттандырмады.

**Ақмола облысы Астрахан аудандық сотының судьясы
Оралхан Тұрсынов:**

«МЕН СУДЬЯЛЫҚҚА ЗАҢ САЛАСЫНДА БІРАЗ ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІНЕН ӨТІП КЕЛДІМ»

Судья бүгінде мәртебелі мамандық болып саналады. Мәртебелі болатыны, оның жалақысының көптігінде емес, ең алдымен әділдік іздеп шағымданған жандарға қол ұшын созып, заң шегінде көмек беретін, ал заң бұзған қылмыскерлерді жазаға тартатын, бір сөзбен айтқанда адам тағдырын таразылап, әділ шешім шығаратын судьяның міндеті ауыр да жауапты. Сондықтан болар, бүгінде судья болғысы келетіндер аз емес. Бірақ Елбасының Жарлығымен тағайындалатын судьялар бір емес бірнеше конкурстардан өтіп, жүзден жүйрік шыққандар ғана осы мәртебелі мамандықтың иесі бола алады. Міне, сондай сыннан сүрінбей өтіп, судья болып қызмет істеп жүрген жас маман, Астрахан аудандық сотының судьясы Оралхан Тұрсыновпен

судьялық мамандыққа қалай келді, қазіргі алған әсерлері жөнінде әңгімелескен едік.

-Судьялық мамандыққа қалай келдіңіз, судья болу бала кезіңізден арманыңыз ба еді, әлде бұндай шешім кейін келе өмірдің өзі алдыңызға тартқан жағдайларға байланысты туындады да?

-Шынымды айтсам, судья болуды бала кезімнен армандадым деп айта алмаймын. Бірақ заңгер болу жөнінде жоғарғы сыныпта жүргенде іштей ойлана бастағаным рас. Мен Аякөз қаласында туып, сонда оқып, қазақ орта мектебін бітірдім. Туып-өскен ортам қарапайым ауылдың адамдары. Менің үлгі алып, өнеге тұтарым жоғары оқу орнын бітіріп, қызмет істеп жүрген апайларым мен ағайларым еді. Олардың мамандығы есеп-қисапқа қатысты болатын. Солар сияқты экономист, не бұғалтыр болсам деген ойларым да болды.

Біздің қалада әскери қалашық болатын. Бала кезімде, сондағы әскери адамдарды көріп, солардың жүріс-тұрыстарына, киген әскери киімдеріне қызығып, солар сияқты әскери болуды армандағаным да бар. Әрі біздер көбіне әскери ойындарды ойнайтынбыз. Сөйтіп, балалықтың әсерімен, Аякөз қаласының № 3 гимназиясының тоғызыншы сыныбын бітіре салысымен, куәлігімді қолыма алып, Семей қаласындағы А.В. Суворов атындағы әскери училищеге түсемін деп аға-жеңгемді ертіп Семейге жол тарттық. Семей қаласына келіп, училище ғимаратының есігін аттаған сәтімде балалық әсермен жасаған бұл қадамымнан айнып шыға келгенім. Туған үйден алыс ұзап шықпағанның салдары ма, әйтеуір аға-жеңгеме «оқымаймын, үйге қайтамын» деп машинадан түспей отырып алдым. Әрі-бері ұрсып, ақылдарын айтқанымен тыңдайтын түрім болмағасын олар амалсыз мені келген ізіммен кері алып қайтты. Сөйтіп, бұрынғы гимназияма қайтып келіп, оқуымды жалғастырдым.

Дегенмен, жоғарғы сыныптарда мамандық таңдау бағытында ұстаздарым мен туған-туыстарым менің заңгер болуыма кеңес беріп, ақылдарын айтты. Содан 1996 жылы Алматы қаласындағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінің заң факультетінің күндізгі бөліміне жақсы бағалармен оқуға түсіп, 2000 жылдың шілде айында қолыма заңгер-құқықтанушы мамандығы бойынша диплом алып шықтым.

Өзіммен қатар оқуды үздік бітірген төрт жігіт арман қуып Астанаға келдік. Барлығымыздың да жолымыз болды. Сол курстастарымның біреуі бүгінде Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының аппаратында қызмет істейді, екіншісі үлкен бір ауданның прокуроры, үшіншісі Екібастұз қаласының әкімінің орынбасары болып жемісті еңбек етіп жатыр.

Өзім де үлкен мектептен өттім. 2001 жылдың қыркүйек айында Астана қаласындағы Қазақ гуманитарлық заң академиясының мемлекет және құқық тарихы мен теориясы кафедрасына оқытушы

болып қызметке орналастым. 2002 жылы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутатының көмекшісі қызметіне шақырылып, елімізге белгілі қоғам қайраткерлерінің қарамағында қызмет істеп, қолымнан келгенше заңгер ретінде кәсіби мамандығымды жетілдіруге күш салдым. Сол ағалардың арқасында оқытушылық қызметімді де тастамай, 2004 жылға дейін бірге алып жүрдім. 2008 жылы Парламент аппаратының басшылары Мәжілістің халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің жұмысын қамтамасыз ету бөлімінің бас консультанты қызметіне ауыстырды. Парламент қабырғасында сегіз жыл қызмет істеген уақытымда көптеген заң жобаларын талқылауға қатыстым. Соның ішінде сот жүйесіне қатысты, азаматтық, қылмыстық және әкімшілік заңнамаларды жетілдіру мәселесінде Жоғарғы соттың төрағасы, орынбасарлары және судьялары заңды талқылауға тұрақты түрде қатысып жүрді. Соның әсері болар, сот саласына қызметке ауысуға ден қойдым.

-Судья болу үшін жоғары оқу орнын бітіру жеткіліксіз екендігі белгілі. Конкурс арқылы бірнеше сатыдағы іріктеулерден өтіп, жүзден жүйрік шыққандар ғана осы мамандыққа алынады. Өзіңіздің судьялыққа келу жолыңыз туралы не айтасыз?

-Кеңес заманындағыдай қазір жоғары оқу орнын бітіре сала судья болу мүмкін емес. Сот төрелігін әділетті түрде, тек қана заңға сүйене отырып атқару өте жауапты міндет. Бұған заңды білу жеткіліксіз, өмірден алған тәжірибе де қажет. Судьялық мамандыққа іріктеуде осы жайлардың бәрі де ескеріледі.

Мен де басқа үміткерлер сияқты судья болу үшін емтихан тапсыруға өте жауапкершілікпен дайындалдым. Сонда да судья болу оңайлыққа түскен жоқ. Мүмкін кейбіреулер сенбес, судья боламын деп біліктілік емтиханын ойдағыдай тапсырып және әділет біліктілік алқасының ұсынымын алып, 2004 жылдан бастап аудандық сот судьяларының бос қызметі орындарына конкурсқа алты рет қатынастым. Тек жетінші рет, 2009 жылы ғана жаңа заңның негізінде құрылған Жоғары Сот Кеңесінің алғашқы отырысында іріктеуден өтіп, Елбасының жарлығымен Ақмола облысы Астрахан аудандық сотының судьясы болып тағайындалдым.

-Судья болып қызмет істегеніңізге бір жылдай уақыт өткен екен. Осы уақыт ішінде бұл мамандықтың қыр-сырына біраз қаныққан да шығарсыз. Бұл мамандықтың ауыртпалығы, жауапкершілігі, өзіндік ерекшеліктері жайлы көкейіңізге түйген ойларыңыз, алғашқы алған әсерлеріңіз жөнінде не айтасыз?

-Мен судья болып тағайындалғанға дейін заңгерлік қызметтерде болғанымды жоғарыда айтып өттім. Бірақ тікелей осы қызметке араласқалы бері өзім білмейтін көптеген жәйттер бар екенін түсініп келемін. Заңды оқып, түсіну бір басқа да, ал оны даулы істерді қараған уақытта нақтылы қолдану басқа шаруа. Қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік іс болсын оның артында адам тағдыры немесе заңды

тұлғалардың мүддесі тұрады. Істің қиындығы бір бөлек, әркім өзінің жағдайын көздеп, менікі дұрыс деп сол пікірін өткізуге тырысып бағады. Сондай кезде заңды шешім қабылдап, төрелігін айту судьяның міндеті. Судьялық қызметтің жауапкершілігінің өте жоғары екендігін уақыт өткен сайын терең түсініп келемін. Әрбір қаралған істер біріне бірі ұқсамайды. Істерді қарауға тағайындағаннан бастап, сот шешімін шығарғанға дейін бар білімің мен іс тәжірибеңді жұмсауға тура келеді. Кейбір уақыттарда уақытпен санаспай, бұрынғы оқығандарыңды қайтадан қарап, заңдарды ой елегінен өткізіп көп уақытыңды жұмсауға тура келеді. Судья болып қызмет істеген уақыттағы қараған барлық істерім есімде. Кейбір істерге шағым немесе наразылық келтіріліп, ол облыстық соттың қарауына жіберіледі. Сондай кездерде бір жерден қателік жіберіп қоймадым ба, жоғарғы сот сатысы қандай шешім шығарады деп дүдәмал күймен қиналып жүресің. Ал қабылдаған шешімің дұрыс болып, заңды күшінде қалған сәтте арқаңнан ауыр жүк түскендей, өзіңді жеңіл сезініп, сот төрелігін одан да жақсы атқарсам деген ниет пайда болады.

Мен қызмет істеп жүрген аудан тұрғындары негізінен ауылшаруашылығымен және егіншілікпен айналысады. Ауылдағылар бірін-бірі жақсы танытындықтан, сотқа дейін біріне бірі ықпал етіп үлгереді. Алғашқы кездерде сот процесін өткізіп, кеңес бөлмесіне кіріп бас бостандығынан айыру туралы үкім шығару мен үшін өте қиын болғанын жасыра алмаймын.

-Қараған істеріңіздің ішіндегі есіңізде қалған, шешім шығаруда біраз қиындықтар туғызған күрделі іс болды ма?

-Алғашқы кездерде мен үшін барлық істер бойынша шешім шығару өте қиын болды. Ал солардың ішінде ерекше қиындық туғызған істер де жеткілікті. Ұмытылмастай болып, есімде сақталып қалған істерді атай кетейін. 2009 жылдың жазында Жалтыр ауылының жиырма шақты азаматы өзен жағасына демалуға барады. Демалыс арақ ішумен жалғасады. Арақ ішкен адамдардың жайы белгілі ғой, олардың араларында ұрыс-керіс шығып, оның арты төбелеске айналады. Төбелес кезінде араларындағы Г. деген азамат ауыр дәрежелі дене жарақатын алып, оқиға болған жерде қайтыс болады. Төбелеске демалғандардың бәрі араласқан, бірақ жәбірленушінің өліміне тікелей себеп болған дене жарақатын түсірген күдікті адам алдын ала тергеу барысында анықталды. Сөйтіп, Р. деген азамат айыпкер ретінде жауапқа тартылды. Бірақ тергеу уақытының созылғанын пайдаланып, басқалары тергеу жұмыстарын шатастыру мақсатында жауаптарын қайта-қайта өзгертіп, істі шатыстыра бастайды. Іс сотқа түскеннен соң мұқият танысып шығып, оған қатысты барлық адамдарды сотқа шақырып, екі айға жуық уақыт қарауға тура келді. Оқиға болған уақытта кімнің қайда тұрғанын, қандай әрекет жасағанына көз жеткізіп, барлық дәлелдемелерді сараптап, сотталушы адамға бас бостандығынан айыру туралы үкім шығардым. Әрине бұл үкімге

сотталушы келіспей, шағым келтірді, бірақ облыстық сотта үкім өз күшінде қалдырылды.

Сот және тергеу практикасында көп қарала бермейтін тағы бір күрделі істі қараудың сәті түскен еді. Осы ауданның бір мектебінің басшысы жұмыс істемеген өзінің туыстарына еңбекақы төлеп келіпті. Құқық қорғау органдары оны анықтап, іс сотқа түсті. Алайда басшының туыстары біз жұмыс істеген едік деп тергеуді шатастыруға тырысты. Сыбайлас жемқорлық санатына жататын бұл іс алдын ала тергеу барысында мұқият тергелген. Алдын ала және сот тергеуінде қасақана жалған жауап берген адамдардың қылмыстық кінәлары дәлелденіп, жауаптылыққа тартылу жөнінде үкім шығарылды. Бұл үкім де облыстық сотта қайта қаралып, күшінде қалды.

-Судья үшін ең басты қасиет не деп санайсыз?

-Судья болу әрбір заңгердің арманы десем қателеспеспін. Себебі судьялық - шоқтығы биік мәртебелі қызмет. Судья – мемлекеттік биліктің бір тармағы сот билігінің өкілі. Оның мәртебесі мен қызметі Қазақстан Республикасының Ата заңында және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңда қаралған. Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігіне нұқсан келтіретін заңдарды немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға жол берілмейді.

Соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне қандай да бір араласуға жол тиым салынады және заң бойынша жауаптылыққа әкеп соқтырады. Сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот актілері мен судьялардың өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезіндегі талаптарын барлық мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті. Сот актілері мен судьяның талаптарын орындамау заңмен белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

Міне, заң арқылы осындай мәртебе беріліп отырғанын әрбір судья терең сезініп, адал, әділетті, қарапайым, парасатты болуға міндетті деп есептеймін. Судья қызметте болсын, үйінде болсын, тіпті демалыста жүрсін, барлық уақытта халықтың назарында болатын мемлекеттік қызметкер. Өрескел әрекеттерге бармау, дауыс көтеріп дәрекілік жасамау, ақша-дүниеге қызықпау, басқаларды тыңдай білу судья үшін ең қажетті адами қасиеттер деп санаймын.

- Судья қарайтын істер сан салалы болып келеді. Кейбіреулердің қатігездіктері жиіркеніш туғызатын немесе абайсызда қате басып өкінішке ұрынған жандардың тағдырына алаңдап аянышпен қарайтын жағдайлар да болып жататыны шындық. Мұндай сәттерде судья сезімге бой алдырмай тек заңды ғана басшылыққа алуы тиіс. Сондай жүйкеге салмақ түсіретін

істер болды ма және сондай істерге байланысты шығарған шешіміңіз көңіліңізден шықты ма?

-Қылмыстық сипаты мен қоғамға қауыптілік мәні өте ауыр қылмыс жасаған адам алдында отырған уақытта оның да біздің қоғамның мүшесі екенін, ет пен сүйектен жаратылған екі аяқты пенде екенін ұмытпағанымыз абзал. Біздің ауданда да өзіңіз айтып отырған санаттағы қатыгездікпен немесе абайсызда жасалған қылмыстық істер кездесіп жатады. Олардың барлығы сотта қаралып жүр. Жас қыз баланы бір топ қылмыскерлердің зорлаған ісі, маскүнемдіктің салдарынан қасақана ауыр дене жарақатын салып адам өліміне себепкер болған қылмыскер, кәнігі бұзақылықпен қоғамдық тәртіпті және азаматтарды қорлау арқылы жасалған істер, жасөспірімдерді нашақорлыққа тартқан оқиғалар, ұрлық, зорлық-зомбылық сияқты қылмыстар жиі кездесіп жатады. Судья болғасын солардың бәрін қарап, заң шеңберінде әділ шешім шығаруың керек. Ол үшін судья ешқашан жеккөрініш немесе аяныш сияқты сезімдерге бой алдырмауы тиіс. Судья үшін ең бастысы, әрбір қараған ісін қатаң заң шеңберінде әділ шешім шығару болуы шарт. Бұл ұстанымды өзім қызметке кіріскен алғашқы күннен бастап ұстап келемін. Өз міндетіне адал және заңға бағынып, әділ шешім шығаратын судья әрдайым өз шешіміне көңілі толады деген ойдамын.

-Аға буын өкілдерінің ішінде өзіңіз осындай болсам деп үлгі тұтатын судьялар бар ма, болса олардың бойындағы қандай қасиеттер ұнайды?

-Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейінгі уақыттарда мен өзімді жолы болған азаматпын деп есептеймін. Жоғарғы оқу орнында сабақ берген кездерімде, Парламентте жүрген уақытта есімдері төрткүл дүниеге мәлім қоғам қайраткерлерімен және елімізге белгілі заңгерлермен қызметтес болудың сәті түсті. Сол кісілердің тапсырмаларын орындауға, алдарында отырып пікір айтуыма мүмкіндік туғанын өмірімнің ерекше кезеңдері деп санаймын.

Судьялық қызметке келгелі бері де жолым болып жақсы ортаға түстім. Тәжірибе уақыт өткен сайын жинақталады деген дұрыс пікір. Менің өз жұмысыма сенімді араласып және білмегенімді үйренуіме көмек жасап жүрген тәжірибелі маман аудандық соттың төрағасы Абай Ғалымұлы Көкжаловтың ерекше қамқорлығын айта кеткенді азаматтық парызым деп есептеймін. Сол сияқты облыстық соттың төрағасы Ақжан Жайлауханұлы Ештай, кассациялық сот алқасының төрағасы Бек Әметұлы Әметов, апелляциялық сот алқасының төрағасы Сәбит Манзұрұлы Өскембеков, облыстық соттың судьялары Мейрам Мырзахметұлы Ғибаділов, Темірхан Балтаұлы Қасымов, Қарлығаш Көбейқызы Көшербаева және басқа да әріптес ағаларым мен апайларым, сол сияқты бүгінгі күні Астана қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандырылған ауданаралық сотының төрағасы болып еңбек етіп жүрген Мейрам Құрмашұлы Жанғұттинов барлық уақытта

білгендерін үйретуден бас тартқан емес және ақыл-кеңестерін айтумен келеді. Облыстық соттағы аға буын әріптестерімнің жоғарғы кәсіби шеберліктері және парасаттылықтары мен сияқты жаңадан қызметін бастап жатқан жастар үшін үлгі-өнеге. Өз басым маған сенім артқан азаматтардың барлығына зор алғысымды айтып, сол сенім үдесінен шығуға бар күш-жігерімді жұмсайтын боламын деп сендіргім келеді.

Ақмола облыстық сотының доғарыстағы судьясы Мейрам Ғибадилов:

«МЕН БҰЛ МАМАНДЫҚҚА ЖҮРЕК ҚАЛАУЫМЕН КЕЛДІМ»

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп ұлы Абай айтқандай, өмірден өз орныңды тауып, қоғам, ел үшін пайдаңды



тигізудің үлкен бақыт екендігіне ешкім дау айтпас. Өмірден орныңды табу дегеннің өзі жаның қалаған жұмыспен айналысып, өзіңе де, өзгелерге де пайдаңды тигізу екендігі белгілі. Өу баста жүрек қалауымен судья мамандығын таңдап алып, содан бері осы мамандықтың ыстығы мен суығына бірдей шыдап 41 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Ақмола облыстық сотының қылмыстық алқасының судьясы

Мейрам Мырзахметұлы Ғибадиловты осындай өмірден орнын тапқан бақытты жан деп айтуға әбден болады.

-Мейрам Мырзахметұлы, судьялық қызметке келу жолыңыз туралы айтсаңыз. Бұл таңдау жүрек қалауы ма, әлде басқа кездейсоқ жайлардың әсері тиді ме?

-Жасыратыны жоқ мектепте оқып жүрген бала күнімде журналист болуды армандаушы едім. Оған себеп болған, қазақтың белгілі қаламгер жазушысы Сәкен Жүнісовтың бізбен көпрші тұруы болды. Сәкен аға сияқты қаламгер болсам деген арман сол тұста бала көңілімді маза таптырмайтын. Дегенмен, өмір жолы адамды әртүрлі қиырларға бастайды екен. Есейе келе өзім сияқты журналист болуды армандайтын менен жасы үлкендеу жігітпен кездесіп, соның ақылымен заңгер болуға көңілім ауды. Әлгі жігіттің айтуынша, журналист, жазушы болу үшін өмірді көріп, көкірегіңе түйгенің мол болуы тиіс. Ал, заңгер болса адамдармен әрдайым қоян-қолтық араласып, өмірдің қайнаған ортасында жүреді.

Ол кезде жоғары оқу орнына түсу үшін кем дегенде екі жылдық өндірістік еңбек өтілің болуы шарт еді. Соған орай онжылдықты тәмамдаған соң теміржол бойында, зауытта екі жылдай қара жұмыс істедім. Еңбек ете жүріп әртүрлі әділетсіздіктермен тоқайласуға тура келді. Бұл жай менің заңгер мамандығын алуға деген ынтамды онан әрі күшейте түскен. Содан 1969 жылы Свердловск қаласындағы заң институтына сырттай оқуға түстім. Сырттай оқуға түсуімнің себебі, отбасы жағдайы студент болып институтта оқуымды көтермейтін болды.

Сол 1969 жылдың шілде айында Қызылту аудандық сотының хатшысы болып қызметке алындым. Алғаш жұмысқа кіріскен күні-ақ, өмірден орнымды дұрыс тапқандығымды түсіндім. Жұмыс маған бірден ұнады. Содан кейін-ақ білек сыбана іске кірісіп кеттім. 1971 жылы адвокаттық қызметке шақырды. Содан екі ауданға адвокаттық кеңсенің меңгерушісі болып біраз жыл еңбек еттім. 1976 жылы Рузаев аудандық халық сотының төрағасы болып сайландым. Сол кезден бастап бұрынғы Көкшетау облысының бірқатар аудандарында 1999 жылға дейін сот саласында қызмет істедім. 1999 жылдың қараша айынан бастап Ақмола облыстық сотының қалмыстық алқасының судьясымын.

Адам тағдырын таразыға салатын судьялық жұмыстың ауырлығы да, жауапкершілігі де жетерлік. Қажытып, шаршататын жайлары да болады. Бірақ, небір қиын істердің шешімін тауып, әділ үкім шығарған кезде сол шаршағандарың да, ұйқысыз өткізген түндерің мен қиналған көп күндерің де есіңнен шығып, қуанышты күйге түсетінің бар. Сондай сәттерде өзімнің осы мамандықты дұрыс таңдағанымға іштей тағы да көзім жете түскендей болады.

-Сіз кеңес заманында да көп жылдар сот саласында еңбек еттіңіз. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде де осы саладағы барлық өзгерістерді көзіңізбен көріп куәсі болып келесіз. Осы екі жүйедегі сот билігінің қандай айырмашылығы бар деп айтар едіңіз?

-Мұның өзі терең зерттейтін болсаңыз бір кітапқа жүк боларлық дүние деп ойлаймын. Өзгеріс аз емес. Солардың ең маңыздыларына тоқталар болсам, ең алдымен күдіктілерді қамауға алуға санкция беру өкілеттілігінің прокуратурадан сотқа көшуі дер едім. Бұрын прокуратура күдік келтірген адамды ешкіммен келіспей өз қалауынша қамауға алып жататын. Қазір сот шешімі арқылы ғана бұл жүзеге асады. Ал, сот күдік келтірген адамның бәрін бірдей қамауға алуға шешім шығара бермейді. Яғни, істің мән-жайын таразылап анықтап алып барып, осындай шешім шағарады.

Кеңес заманында халық заседательдері дегендер болатын. Сотқа екі заседатель қатысады. Олардың әділ шешім шығаруға пайдасы жоқ деп айтуға болмас, дегенмен де көп жағдайда кедергісін келтіріп жататыны рас еді. Өйткені, қылмыстық істер бір күн емес,

бірнеше күн, тіпті ай бойы қаралатын кездері болады. Сондайда негізгі жұмыс орнынан босана алмайтын заседательдерге байланысты сотты кейінге қалдыру жайлары жиі орын алып жататын. Сондай-ақ, заңгер болмағандықтан заседательдер кейде шешім шығарарда хаттамаға қол қоймай, қылмыстыны ақтау қажет деп отырып алатын жайлары да кездесетін. Ондайда заседательдермен біраз сөйлесіп, істің мән-жайын түсіндіру қажет болатын.

1995 жылдан бастап жеңіл қылмыстық істерді бір судья қарай беретін болды. Бұл жауапкершілікті арттырып, сотты қарау мерзімін қысқартуға игі ықпалын тигізеді. Бүгінгі соттың материалдық-техникалық базасымен кеңес замамындағы сотты салыстыруға келмейді. Қазір судья ең жоғары жалақы алатын, материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілген адам болып саналады. Айта берсе, айырмашылық та, өзгеріс те жетерлік.

-Қарапайым жандардың өз өмірінде ауыр қылмысты оқиғаның бір рет куәсі болғанның өзінде соны жүрегіне ауыр алып жататындары бар. Ал, судьялар күн сайын небір сойқан қылмыстарды жасаған адамдармен кездесіп, сол туралы куәлардың немесе құқық қызметкерлерінің айтқандарын, кейде қылмыскердің оны қалай жасағандығы туралы өз аузынан естіп жатады. Төбе шашыңды тік тұрғызар сондай қатыгез қылмыстарды естуге адамның еті өліп кете ме, әлде бұл жүйкеге салмақ түсіре ме?

-Өзі сияқты ет пен сүйектен жаралған адамның қанын төгу, қыз-келіншектерді зорлау сияқты ауыр қылмыстарды жасаған жанның қылмысы туралы естіп, оның ұңғыл-шұңғылына дейін хабардар болу жүйкеге салмақ түсірмей қоймайды. Сондай ауыр қылмыстарды тыңдауға етің үйреніп кетеді деген дұрыс емес. Бірақ та, жаның сүйген іспен айналысатындықтан, сондай ауыр қылмыс жасаған қылмыскерге заң шеңберінде әділ жаза тағайындап, сол жоғары қатарлардан өзгеріссіз өткен кездерде іштей зор қанағат тауып, қоғам, ел үшін пайдалы іс атқарғаныңды сезінгендей боласың. Сөйтесің де, келесі қылмыстық істі қарауға кірісесің.

-Осы сұраққа қосымша ретінде мынадай жайға назарыңызды аударсам деймін. Қылмыстық атқару жүйесінде қызмет істейтіндер жыл сайын психологиялық тестілеуден өтіп тұрады екен. Егер психикасында сәл-пәл ауытқушылық байқалса, ондай қызметкер мерзімінен бұрын отставкаға шығатын көрінеді. Өйткені сотталғандармен жұмыс істеу жүйкеге салмақ түсіретін ауыр жүктеме саналады екен...

-Айтпақ ойыңызды түсіндім. Бірақ та қылмыстық атқару жүйесі мен сот органының арасында біраз айырмашылық бар. Сотталатын адам өзіне қандай жаза беретіндігі соттың алдында өзін қалай ұстауына байланысты болатындығын жақсы біледі. Сондықтан олар өздерін қой терісін жамылған қасқыр сияқты ұстайды. Сыпайы сөйлеп,

шектен шықпай, тіпті жасаған қылмысына өкінген адамның кейпін танытатындар да болады. Осылай жасау арқылы олар жазаларын жеңілдетемін деп үміттенеді. Сондықтан, сот барысында судьяның жүйкесіне салмақ түсіретін көп жағдай бола қоймайды. Ал, сотталып, жазалау орнына барған кезде «болары болып, бояуы сіңіп» қойғанын ұғынған жазасын өтеушілер енді өздерінің шынайы бетбейнелерін көрсетіп, өздерінің қапасқа түсуіне кінәлідей көріп ең алдымен пагон таққандарға, оның ішінде сол мекеменің қызметкерлеріне дұшпандықпен қарай бастамақ. Осыған орай, түзеу мекемелерінің қызметкерлерінің жұмысы ауыр және жүйкеге үлкен салмақ түсіретіні анық.

-Сіз қырық жылдан астам уақыт сот саласында еңбек етіп келесіз. Осы уақыттың ішінде өзіңіздің есіңізде ұмытылмастай болып сақталып қалған жай болды ма?

-Мен өзім қараған әрбір істі біраз уақытқа дейін ұмыта алмай жүремін. Өйткені, әрбір істің тасасында адам тағдыры бар. Сондықтан, өз басым бір іс жеңіл, екіншісі ауыр немесе есте сақтарлықтай деп бөлмес едім. Бірақ та, өткен жылы қараған бір қылмыстық іс маған қатты әсер етті. Олай болатыны, қылмыс жасау себебі нақты анықталмай қалды. Және сотталушы қол-аяғы балғадай, бар өмірі алдында тұрған жап-жас қыз еді. Сондықтан болар, бұл жай маған үлкен әсер етті.

Оқиғаның қысқаша жайы мынадай. Екі қыз бір мектепте он жыл бірге оқиды. Өздері тату-тәтті құрбы болады. Мектеп бітірген соң бірге жоғары оқу орнына түседі. Екеуінің жұптары жазылмай үнемі бірге жүрген. Екеуінің арасына қандай қара мысық өткенін кім білсін, жаздың бір кешінде қазақ қыз орыс құрбысын 46 жерден балтамен шауып асқан қатыгездікпен өлтіреді. Сонша соққының 37-сі орыс қызының басына тиген. Осы оқиғаны қарау барысында біраз қиындықтар болды. Сотталушы қыз өзінің мұндай қатыгез қылмысқа не себепті барғандығын айтпай қойды. Бар болғаны жылай береді. Біз оған «оқиғаның нақты себебін айт, сонда өлген қыздың ата-анасы кешіріммен қарап, жазаң жеңілдейді» деп те көрдік. Ал, істің мән-жәйін қазбалап сұрауға залда отырған өлген қыздың ата-анасының жанын ауыртып алармыз деп қорықтық. Бірінші курсты бітірген соң демалысқа келген олар кешкілік аздап сыра ішеді. Оның ақыры осындай оқиғаға ұрындырған. Менің ойымша олар тек сыра ғана ішіп қоймай, бүгінде ауылда да, қалада да көбейіп кеткен есірткі затын қабылдауы мүмкін. Ақыл-естен айыратын есірткінің әсерімен ғана осындай қылмыс жасауға болады.

Прокуратура 16 жыл сұрап, біз бұрын сотталмағандығын, болашағы барлығын ескеріп 12 жылға бас бостандығынан айыруға шешім ышғардық. Өмір жолын жаңа ғана бастаған қыз үшін 12 жыл түрмеде отыру дегеннің оңай болмайтыны анық. Дегенмен, ол

осындай ауыр қылмысқа не себепті барды? Міне, осы сауал менің көкейімде қалып қойды.

-Енді әңгіме әуенін жұмыс жайынан басқа жаққа аударсақ. Бос уақытыңызды қалай өткізесіз? Көңіліңізге ұнайтын хоббиіңіз туралы айта кетсеңіз.

-Ауылда туып өскендіктен бе, табиат аясында болғанды жаным жақсы көреді. Сондықтан демалыс күндері отбасымды алып табиғат аясында демалуды ұнатамын. Содан кейінгі бір ермегім, автокөлік жүргізу. Онжылдықты бітіргеннен кейін бірер жыл шопыр болып істегенім бар. Кейін судьялық қызметте жүріп жеңіл автокөлік сатып алдым да, содан соған әбден үйреніп алдым. Аптасына бірер жүз шақырым автокөлікпен жол жүрмесем, біртүрлі болып жүремін.

Тағы бір жақсы көретін ермегім, жұмыстан кейін велосипедпен серуендеу. Біз сияқты күнұзақ кеңседе орындықта отыратын адам үшін таза ауада велосипед тебу бір жағы денсаулыққа жақсы, екінші жағы күнделікті назар аудара қоймайтын қаланы аралап, танысуға ыңғайлы. Қыста шаңғы тебетінім бар. Ақ қарда шаңғымен сырғығаннан жаның ләззат атуып, көңілің бір сергіп қалады. Бұл бір жағы денсаулықты нығайтса, екіншіден тар бөлмеде қамалып отыратын біз сияқтылардың санасын ашып, бойыңның құрыс-тырысын жазады. Әке-шешем өнерге жақын адамдар еді, содан жұққан білем, аздап сырнай-домбыра тартқанды ұнатамын.

-Кеңес заманында бәріміз атеистік тәлім-тәрбие алдық. Бірақ та еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда көп адамдар имандылыққа жүздерін бұра бастады. Тіпті, басшы қызмет істейтін адамдардың, депутаттардың арасында намаз оқитындар кездеседі. Өзіңіздің дінге деген көзқарасыңыз қандай?

-Менің атам бес уақыт намазын қаза жібермейтін тақуа адам болған. Арғы әкелері молла, имам болған екен. Атам сол кеңес заманының қылышынан қан тамып тұрған кезінің өзінде жасырынып бес уақыт намазын қаза жібермей оқитын. Имандылық тәрбие дегеннің мықтылығы ма, әкем атамды өте қатты сыйлайтын. Өзі аудандық тұтынушылар қоғамының бастығы сияқты тәп-тәуір қызмет істеген әкем кейде жолдастарымен бірге болып, үйге аздап қызу оралған сәттерінде атамнан қорқып, ол ұйықтағанша үйге кіре алмай жүретін. Балалардың үлкені мені шақырып алып атамның ұйықтаған-ұйықтамағандығын сұрайтын еді. Содан көрші үйге барып, атам ұйықтағанша үйге келмей отыратын.

Міне, осындай отбасында тәрбие алғандықтан болар, кеңес заманында да мен Алланы жүрегімде сақтап келдім. Темекіні аузыма алған емеспін, арақ-шарапқа да онша үйірлігім болған емес. Тек андасанда бір жағдайларда аздап ішетінім болған. Содан бір күні қолыма ресейлік профессор Ждановтың лекциялары жазылған диск түсе қалды. Соны тыңдағаннан кейін арақ-шарапқа деген көзқарасым түгел өзгерді де, енді оны аузыма мүлдем алмайтын болдым.

Көкшетауда жаңа мешіт бой көтеріп жатыр. Өзі дәл мен тұратын үйдің алдында. Немерелеріме осы мешіт біткен соң бірге барып тұратын боламыз деп айтып қоямын. Бір емші маған сіздің атаңыз оқыған, алым адам екен, сізге оның қасиеттері қонады, намазға жығылып, молла боласыз дегенді айтып қалды. Басым заң мен заң актілеріне толып кеткен менің құранды қалай үйреніп, намазға қалай жығыларымды кім білсін. Бәлкім, уақыты келгенде имандылыққа жүзімді шындап бұратын жағдай да болар...

-Бүгінде «жеті атасын білмеген жетесіз» дегенді ала тартатын көп қазақтар жүздері мен руларын түгендеп, шежіре жазып, бас қосқан жерлерде орынды-орынсыз ата тектері мен руларын айтуға құмар. Жалпы, рушылдық туралы не айтасыз?

-«Жеті атасын белмеген жетесіз» дегенге өз басым толық қосыламын. Ата-бабаларың туралы, олардың өмірі жайлы білгеннің еш артықтығы жоқ. Кеңес заманының өзінде атам арқылы арғы тегімді біліп өстім. Осы облыстық соттың фойесінде тұрған төрт бидің ескерткіші бар. Солардың бірі - Әлдібек би менің жетінші атам болып табылады. Адамдардың арасын жақындастырып, бауырластыратын да сол ру арқылы көрініс беретін туыстық емес пе. Бірақ та, рушылдықты арқаланып, бір руды екіншісіне қарсы қоюға, біреулерді жақын тартып, екіншілерін кеудеден итеретін қазақты бөлетін жайларға қарсымын. Өкінішке орай, бүгінде ондайлар қай жерде де кездесіп қалады.

-Еліміздің ертеңгі тізгін ұстайтын болашағы – қазіргі жастар. Бүгінгі жас буын туралы қандай пікірдесіз?

-Қай заманда да аға ұрпақ өкілдерінің жастарға көңілі толмай, түрлі сындар айтып жататындығы болған. Қазір де баспасөз бетінде немесе түрлі басқосуларда жастар жайлы кереғар пікірлер айтылып жатады. Жастар бұзылып кетті, үлкенді сыйламайды, ана тілі мен дәстүрін құрметтемейді дейтіндер бар. Өз басым ондайларға келіспеймін. Жастардың арасында жақсы азаматтар, талантты, қабілетті жандар аз емес. Өзім еңбек ететін облыстық сот ұжымында да қабілетті жастар көп. Кейде оларды шақырып алып «сенің бойыңда қабілетің бар, еңбектеніп ізденсең жақсы азамат боласың» деп ақылымды айтып жататын жағдайларым болады.

Мынау Арман Бердалин деген көкшетаулық ақын жігіт (ол маған Арманның шағын жинақ кітабын ұсынды). Арақ туралы жазған толғауын оқығанда, жап-жас жігіттің адам өмірін улайтын арақтың залалы жайлы соншама терең және жеріне жеткізе айтқан сөздеріне тәнті болдым. Міне, осындай жастар көбейсе, еліміздің болашағы зор болмақ.

-Жас кезімде журналист болуды армандаған едім деп жоғарыда айтып кеттіңіз. Қазіргі журналистика туралы пікіріңіз қандай?

-Журналист дегенді естісем, осы күнге дейін елең ете қаламын. Жалпы шығрмашылықпен айналысатын адамдармен жақын жүруге тырысамын. Журналистердің қоғамда алатын орны ерекше. Кеңестер Одағының негізін қалаған Лениннің «ең құдыретті қару – қаламсап» деген сөзі бар емес пе. Сіздер қаламсаптарыңыз арқылы қоғамға, елге пайдаларыңызды келтіріп жатасыздар, судьялар да сөз арқылы қылмыспен күреске атсалысып, пайдамызды тигізіп жүреміз.

Институтта оқып жүрен кезімде бір оқытушымыз «сөз өте құдыретті құрал, оның екі жүзі болады» дегенді жиі айтушы еді. Сол айтқандай, екіжүзді ұстара сияқты сөзді дұрыс қолдана алмасаң, кейде өзіңе де, өзгеге де залалы тиіп кететін жайлары болады. Әсіресе, өздерін тәуелсіз басылым деп атайтын кейбір газеттер бастан-аяқ Үкімет пен мемлекетімізді сынап-мінеп жататыны бар. Оның рас жақтары да бар шығар, бірақ, елімізде жақсы істер де көптеп жасалып жатқан жоқ па. Жақсылықты көрмей, тек жамандықты ғана теріп жазу халық арасында етрис пікір қалыптастыруы мүмкін екендігін соны шығарып жатқан журналистердің түйсінбейтіндіктері өкінішті-ақ. Ұлы Абай «тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деп тектен-текке айтпаған ғой. Мұндай теріс насихаттың еліміздің қауіпсіздігіне, қазіргі ең басты байлығымыз – тыныштығымыз бен бірлігімізге залалын тигізуі бек мүмкін. Көрші Қырғызстандағы жағдай, Ресей мен Кафказ елдеріндегі ахуал ел тыныштығынан асқан байлық жоқ екендігін анық көрсетеді. Осы орайда, журналист бауырлар әрбір сөзін абайлап айтып, еліміздің жарқын болашағы үшін еңбек етсе деген тілегім бар.

Журналист болу арманынан әлі де өз басым бас тарта қойған жоқпын. Құдай қалап, зейнет демалысына шықсам, содан кейін көрген-түйгендерім жайлы жазсам деген ой-арманым да жоқ емес. Енді оны уақыт көрсетер.

Өмірдерек:

Еңбек жолын 1969 жылы бұрынғы Көкшетау облысының Қызылту ауданында халық сотының хатшылығынан бастаған Мейрам Ғибадилов сол кезден бері сот саласында еңбек етіп келеді. 1976 жылы Свердловск заң институтын тәмамдаған ол Рузаев аудандық сотының төрағасы болды. Содан кейін Ленин аудандық сотының төрағасы болып қызмет істеген ол кейінірек Щучье аудандық сотына ауысты. 1999 жылдың қараша айынан бері Ақмола облыстық сотының қылмыстық істер алқасының судьясы болып еңбек етіп келеді. Бернеше мәрте мемлекеттік алғыс хаттармен, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы» мерекелік медалімен, Қазақстан Судьялар Одағының «Үш би» белгісімен марапатталған. Өнегелі отбасы иесі, үш бала тәрбиелеп өсірген.



Ақмола облысы Атбасар аудандық сотының төрағасы Бақыт Қонақбаев:

«Судьялар съезінде белгіленген міндеттер – үнемі басты назарымызда болады»

2013 жылдың 20 қарашасында Астанада Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезді өткен еді. Онда Елбасы Н.Ә.Назарбаев сөз сөйлеп, сот жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттерге, шешімін күткен өзекті мәселелерге назар аударған болатын. Жалпы әрбір бес жыл сайын өткізіліп отыратын судьялардың алқалы жиыны сот саласындағы қол жеткен жетістіктерді қортындылап, алдағы міндеттерді айқандайды. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезі де сот жүйесінің алдында тұрған негізгі міндеттерді белгілеп, атқарылар жұмыстардың ауқымын айқындады деп айтуға болады. Алқалы жиынға қатысқан Ақмола облысы Атбасар аудандық сотының төрағасы Бақыт Қонақбаевпен әңгімемізде съезд белгілеген міндеттердің ауданда қазір қалай жүзеге асырылып жатқаны тілге тиек болды.

-Алдымен съезден алған әсерлеріңіз жайлы айта кетсеңіз.

Қазақстан судьяларының алқалы жиынына Елбасының өзі арнайы келіп, сөз сөйлеуі оның еліміз үшін қаншалықты маңызды екендігін көрсеткендей болды. Съезде сот саласының жұмыстары қортындыланып, атқарылар міндеттер айқындалды және назар аударылуы қажет өзекті мәселелер туралы ашық пікір айтылды. Бұның бәрі өз кезегінде судьялардың алқалы жиынының мән-мазмұнын арттырып, маңыздылығын көтере түскені анық.

Елбасы өз сөзінде Қазақстан бүгін кәсіби судьялар жасағымен жасақталған замануи сот әділдігіне ие екендігін, жүргізілген сот реформасы сот талқылауларының сапасын елеулі жоғарылатқанын, қазақстандықтардың сотқа деген сенімі арта түскенін атап өтіп, жалпы сот жүйесінің жұмысына оң бағасын берді. Сот-құқықтық саласын одан әрі жетілдіру Қазақстан дамуының 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасының ажырамас бөлігі болуы керек. Судьялардың кәсіби біліктілігінің деңгейі қоғамның экономикалық және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай болуы тиістілігін Мемлекет Басшысы қадап айтып, бірінші кезекте сот әділдігін қалыптастыру, ондағы проблемаларды өзара сын тұрғысынан анықтап, дер кезінде шеше

білудің маңыздылығына назар аударды. Сөйтіп сот әділдігі жүйесінде әлі де болса шешілмеген төрт мәселеге тоқталып, алда тұрған бес басым бағыттарды айқындап берді.

Жалпы алғанда, съезден алған әсерлерім туралы көп айтуға болады. Сот саласындағы қордаланып қалған барлық көкейкесті мәселелер сөз болып, оны шешудің жолдары жайлы толымды ой пікірлер айтылды. Съездің ең басты маңыздылығы да дәл осында деп ойлаймын.

-Съезде белгіленген міндеттердің өзіңіз басқарып отырған Атбасар аудандық сотында қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы не айтасыз?

-Елбасының назар аударған мәселелерінің бірі сот процесінің созылып кетпей, белгіленген мерзімде аяқталуын жүзеге асыру болған еді. Атбасар аудандық соты бұл мәселеге жіті мән беріп, өз жұмысында оған қатысты заңда көзделген барлық мүмкіндіктерді барынша қолданып келе жатыр деп айтсам артық болмас.

Қылмыстық іс жүргізу заңнамасында онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істерді қысқартылған, яғни жеңілдетілген түрде қарау тәртібі көзделген. Бұл үрдіс сотталушы мен жәбірленушіден басқа іске тартылған тұлғаларды сотқа шақырып, әуре-сарсаңға салмай-ақ, істі негізінен жылдам және шапшаң шешуге мүмкіндік береді.

Атбасар аудандық сотының тәжірибесінде бұл оңайлатылған тәртіп соңғы кезде кеңінен қолданыла бастады. Қысқартылған тәртіпте қарау мәселесін шешу мақсатында өткен жылы мамыр айынан бастап жыл соңына дейін 13 қылмыстық іс алдын ала тыңдауға шығарылып, олардың 10-ы сол тыңдау барысында-ақ сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына байланысты өндірістен қысқартылды. Яғни, бұл істер небәрі бес-он күннің ішінде өз шешімдерін тапты және де куәлар сотқа шақырылған жоқ. Ал қалған 3 іс те куәлардың қатысуынсыз, сот процесінің басқадай көптеген жасанды рәсімдерінсіз қаралып, олар бойынша қысқартылған тәртіпте үкім шығарылды.

Азаматтық істер бойынша да осындай үрдіс жалғасын табуда. Азаматтық іс жүргізу заңнамасы бойынша сот бұйрығын шығару туралы арыздар түскен күннен бастап үш күннің ішінде және де тараптардың қатысуынсыз қаралуға жатады. Яғни, бұл тәртіп те сотта істерді қараудың ең оңайлатылған, бюрократиялық рәсімдерге бой алдырмаған, мәселені тез және жұртты әуре-сарсаңға салмай шешуге ең қолайлы тәртіп болып табылады. Оның үстіне борышкер мен басқа құқықтары мен міндеттері қозғалған тұлғалардың қарсылықтары негізінде сот бұйрығының күшін жою тәртібі қарастырылғандықтан, олардың мүдделері де қамтамасыз етілген.

Аталмыш шараларды жүзеге асыру нәтижесінде өткен жылдың мамыр айынан бастап жыл соңына дейін 101 азаматтық іс осындай сот

бұйрығын шығару тәртібімен аяқталды. Ал 2012 жылы осы санаттағы 7 іс қана қаралған болатын.

Сонымен бірге азаматтық іс жүргізу заңнамасы істі сот талқылауына әзірлеу сатысында-ақ, оны қарамай, өндірістен қысқартуға және қараусыз қалдыруға мүмкіншілік береді. Бұл мүмкіншілікті де белсенді түрде қолдана отырып, өткен 2013 жылы 52 азаматтық іс осы сатының өзінде-ақ тараптардың бітімгершілік келісімге келуіне, қойылған талапты жауапкердің өз еркімен орындауына байланысты өндірістен қысқартылды, ал тағы 50 іс талап қоюшының өтінішіне орай қараусыз қалдырылды.

Мұндай үрдістер, біріншіден, жоғарыда көрсетілгендей, көптеген істердің тез және жылдам шешілуіне жол ашып, олар бойынша қаншама адамдарды сотқа шақырылуына байланысты әуре-сарсаңнан құтқарды. Екіншіден, судьялар мен мамандардың уақыттарын үнемдеп, басқа күрделі істер бойынша тиімді пайдалануға, олардың жүктемелерінің жеңілдеуіне мүмкіндік берді. Сөйтіп, аудандағы осы бағытта атқарылған істер Елбасының съездегі судьялардың күннен-күнге өсіп бара жатқан жүктемелерін азайту қажеттігі жөніндегі талабымен үйлесіп отыр.

-Істердің ұзақ уақытқа созылуы адамдарды әуре-сарсаңға салып қана қоймай, материалдық жағынан да шығынға ұшырататыны белгілі. Қолданыстағы заңнамаларымызда істі қысқа мерзім ішінде қарауға мүмкіндік беретін баптар болса, соны пайдалана отырып, істерді қысқа мерзімде қарау ауқымын кеңейтуге мүмкіндік бар ғой, солай ма?

-Әрине. Судьялар қолданыстағы заңның істі неғұрлым қысқа мерзім ішінде қарауға мүмкіндік беретін баптарын өз деңгейінде қолданып жүр деп ойлаймын. Дегенмен де, сот тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сот бұйрығын шығару тәртібінде қарауға болатын талаптар шеңберін әлі де болса кеңейте түсуге мүмкіншіліктер жоқ емес. Мәселен, көрсетілген коммуналдық және телекоммуникация қызметтеріне қарызды, несие мен займдарды өндіру туралы талаптар бойынша, әдетте, тараптар арасында даулар туындай бермейді. Көбінде, жауапкерлер талаптарды мойындап, өз еріктерімен қарыздарын төлеп жатады, я болмаса тараптар төлеу мерзімі бойынша бітімгершілік келісімге келіп жатады. Ал бұл талаптар жөніндегі істер шешім шығарумен аяқталған жағдайларда шешімдерге дау айтылып, шағым келтіру сот тәжірибесінде өте сирек кездеседі.

Олай болса ҚР АІЖК-інің 140-бабындағы сот бұйрығы шығарылатын талаптар тізімін жоғарыда келтірілген талаптармен толықтыруға әбден болар еді.

-Сот жұмысының сапасы оның шығарған шешімдерінің заң шеңберінде және әділ болуымен өлшенетіні белгілі. Съезде Елбасы көтерген мәселенің бірі де сот шешімдерінің сапасын

арттыру болған еді. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарыңыз жайлы не айтасыз?

-Сот жүйесінің алдында тұрған басты және негізгі міндет – сот төрелігін сапалы жүзеге асыру болып қала беретіні анық. Бұл міндетті орындау бүгінгі таңда соттардың қызметінде заңдылықты нығайтуға, олардың ашықтығын барынша көтеруге бағытталған кешенді іс-шараларды жалғастыруды талап етеді. Өйткені әрбір адамның тәуелсіз және бейтарап сотпен ақылға қонымды мерзімде, әділетті сот талқылауына қол жеткізуіне құқықтарын қамтамасыз ету деңгейі көбінде дәл осы іс-шаралар нәтижелеріне байланысты.

Атбасар аудандық сотының былтырғы жылғы жұмысының сапасы ойымыздан шығатындай дәрежеде болды деп айта аламын. Үкімдердің бұзылу фактілеріне мүлдем жол берілген жоқ, ал өзгертілген үкімдердің саны 2012 жылға қарағанда 5-тен 2-ге дейін төмендеді. Сот үкімдерінің тұрақтылығы 2012 жылғы 97,4 пайыздан 2013 жылы 98,5 пайызға дейін өсті және де ол облыстық орташа көрсеткіштен 2,6 пайызға жоғары.

Азаматтық істер бойынша да сот актілерінің тұрақтылығы өте жоғары қалыпта болып отыр. Былтыр бұл көрсеткіш 99,3 пайызды құрап, алдыңғы жылғыдан 0,5 пайызға жақсарды. Сондай-ақ ол облыс бойынша орташа көрсеткіштен де 0,8 пайызға жоғары.

Халықаралық семинар

Жаңа Қылмыстық кодексті қолдануға дайынбыз ба?

2014 жылғы қыркүйектің 25-27 аралығында Бурабай аудандық сотының базасында «Жаңа қылмыстық және қылмыстық процессуалдық заңнама нормаларын қолдану» атты үш күндік халықаралық семинар болып өтті. Аталмыш семинар биылғы жылдың

9 сәуірінде Мемлекет Басшысының өкімімен бекітілген Қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық кодекстердің жаңа үлгісіне көшу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру шеңберінде ұйымдастырылды.

Халықаралық семинарды ҚР Жоғарғы соты мен Қазақстан Судьяларының Одағы, Германия халықаралық құқықтық ынтымақтастық қоры, Америка заңгерлерінің қауымдастығы ұйымдастырғанын атап өткен жөн. Оның жұмысына Жоғарғы соттың судьялары, облыстық соттардың қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағалары, ішкі істер министрлігі мен прокуратураның өкілдері қатысты. Сондай-ақ, бірқатар шет елдердің құқық саласының сарапшылары қатысып, өз пікірлерімен бөлісті.



Халықаралық семинарды ҚР Жоғарғы соты қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының төрағасы **Ақылтай Қасымов** ашып, жүргізді. Ол **Жоғарғы сот төрағасы Қайрат Мәмидің** семинарға қатысушыларға арнаған құттықтау сөзін оқып берді. Осыдан кейін жарыссөз басталды. Үш күндік семинар барысында биыл қабылданған жаңа Қылмыстық кодексті жүзеге асыру барысында туындайтын түрлі жағдайлар жайында осы салада қызмет етіп жүрген тәжірибелі мамандар өз ой-пікірлерін ортаға салып, жаңа заңнаманың ерекшелеліктері мен жаңалықтары жайында ой бөлісті. Үш күндік семинар шеңберінде ҚР ІІМ тергеу департаменті бастығының орынбасары Рахмаджан Досанов қазіргі қолданыстағы және алдағы жылы енгізілетін жаңа қылмыстық заңдағы өзекті мәселелер, ҚР Бас

прокуратурасы азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауды қадағалау басқармасының аға прокуроры Берік Баймағамбетов сот мәжілістеріне қатысатын процессуалдық прокурорлардың қызметіне қатысты, ҚР Жоғарғы сотының судьясы Әділ Құрықбаев алқабилердің қатысуымен өтетін сотта істі қараудың кейбір түйткілді мәселелері жайында ой-пікірлерін ортаға салды.

ҚР Жоғарғы сотының судьясы Лаура Ағыбаеваның айтуынша, 2015 жылдың қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа Қылмыстық кодексте өзгерістер мен жаңалықтар аз емес. Бүгінгі қолданыстағы Қылмыстық кодексте 393 бап болса, жаңа кодексте 467 бап бар екен. Кодекске енгізілген қосымша баптарда бұрын мүлде қарастырылмаған жаңа қылмыстық жазаға тарту мен қылмыстан босату түрлері қамтылған. Қылмыстық кодекстегі жаңа өзгерістердің бірі ретінде екі буынды қылмыстық жазаға тартылатын әрекет жөніндегі түсініктің енгізілуі десе болады. Бұрын қылмыс пен қылмыстық әрекет жалпы ортақ түсінікпен айқындалатын еді. Қылмыс пен қылмыстық әрекетті екі топқа бөліп қарау бүгінгі күні Германия, Испания, Австрия, Голландия, Норвегия және Чехия сияқты батыс елдерінде тиімді қолданылып келеді. Қылмыс пен қылмыстық әрекетті бөліп қарастыруды Н.Загородников, С.Бородин, И.Карпец сияқты аты әлемге танымал белгілі ғалымдар да мақұлдайды. Қылмыстық әрекет – бұл әлі қылмыс емес, дегенмен мұндай әрекеттің қоғам, адам үшін залалы бар. Ол әкімшілік заң бұзушылық пен қылмыстық заң бұзушылықтың арасындағы буын іспетті. Сондықтан да, қылмыстық әрекет жасағаны үшін жауапкершілік те қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктен өзгеше болуы тиіс. Қылмыстық әрекет деген ұсақ залал келтіру болып табылады. Бүгінгі Қылмыстық кодексте ұсақ залал келтіруге нақты түсінік берілмеген. Жаңа кодексте бұл мәселе жан-жақты қарастырылып, кең түсінік берілген. Қылмыстық әрекет үшін жаңа кодексте 4 түрлі жаза қарастырылады, атап айтқанда: айыппұл салу, түзеу жұмыстарына тарту, қоғамдық жұмысқа тарту және қамауға алу. Ал қылмыс бойынша 5 түрлі жаза қарастырылған: айыппұл, түзеу жұмысы, бостандығын шектеу, бостандығынан айыру және өлім жазасы. Көріп отырғанымыздай, қылмыстық әрекет пен қылмыс жасаған адамның жазаларының арасында үлкен айырмашылық бар. Сондай-ақ, қылмыстық әрекет пен қылмыс үшін төленетін айыппұл мөлшері де әртүрлі. Мәселен, қылмыстық әрекет үшін айыппұл көлемі 5-500 айлық есептік көрсеткіш деңгейінде болса, қылмысы үшін төленетін айыппұл мөлшері 500-ден 10000 есептік көрсеткішке дейін. Қылмыстық әрекет үшін бостандығынан айыру жазасы қолданылмайды.

Жаңа кодексте сондай-ақ, қылмыс үшін қосымша 4 түрлі жаза қолдану енгізілген. Атап айтқанда, мүлкін тәркілеу, атағынан, шенінен, марапаттарынан айыру және белгілі бір қызметпен айналысуын шектеу. Бұл жазалардың бәрі қазіргі қолданыстағы заңда негізгі жаза

ретінде қолданылып жүргені мәлім. Жаңа қылмыстық кодексте айыппұл төлеуден жалтаратындарды заң тезіне салу үшін бас бостандығынан айыру жазасын қолдану қарастырылған. Бұл жағдайда абақтыда отырған бір күн 4 айылық есептік көрсеткіш көлеміндегі айыппұл көлемімен теңестіріледі. Сондай-ақ, ендігі арада айыппұлды қасақана төлемеу айғағын дәлелдеудің еш қажеті жоқ. Мұның өзі бүгінде көбейіп кеткен айыппұлдан жалтарушыларды тезге салуға игі ықпалын тигізері анық.

Алдағы жылы күшіне енетін жаңа Қылмыстық кодекстегі өзгерістер ең алдымен, заңды тәжірибе жүзінде қолданатын судьялардың жұмысына қатысты болатыны белгілі. **Алматы қалалық соты қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы Рүстем Алшынбаевтың** айтуынша, жаңа кодекстегі жаңалықтар мен өзгерістер сот жұмысына жаңа серпін бермек. Ең алдымен жаңа заңнамада жазаға тарту мен одан босату мәселесі барынша кең және жан-жақты қарастырылып, нақты түсінік берілген. Жаңа заңда қылмыс саласын ізгілендіру жайы кеңінен қамтылады, сонымен бірге, кейбір қылмыс түрлеріне қатысты жаза бұрынғыға қарағанда біршама қатаңдатылған. Егер қазіргі қолданыстағы кодексте әйелдерді өмір бойы бас бостандығынан айыру сияқты ауыр жазаға тарту қарастырылмаса, жаңа кодексте мұндай жазаға тек 18 жасқа толмағандар мен 63 жастан асқан әйелдер мен ер адамдар тартылмайтындығы көрсетілген. Яғни, аса ауыр қылмыс жасаған 63-ке толмаған әйелдер осындай жазаға тартылуы мүмкін. Жаңа кодексте бұрын негізгі жаза ретінде қолданылып келген белгілі бір қызметпен айналысуды шектеу, атақ-шенінен айыру енді қосымша жаза ретінде белгіленбек. Мемлекеттік қызметкерлер жемқорлығы үшін жазаға тартылса, өмір бойы мемлекеттік қызметпен айналыспайтын болады. Сондай-ақ, жаңа кодексте жемқорлығы үшін жазаға тартылған адамның тек сондай заңсыз жолмен тапқан мүлкін тәркілеу қарастырылған. Бұрын жемқор ретінде жауапқа тартылған адамның барлық мүлкі тәркіленетін. Жаңа заңда кәмелетке толмағандарды зорлағаны үшін 15-20 жыл бас бостандығынан айырумен қатар өмір бойы түрмеде отыру жазасын тағайындау енгізілген. Осыдан көріп отырғанымыздай, аса ауыр қылмыс үшін тағайындалатын жаза біршама қатаңдатылған.

Алдағы жылы күшіне енетін жаңа Қылмыстық кодексте бұрын болмаған тергеу жүргізуші судья қызметі қарастырылып отыр. Осы орайда, **Астана қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының төрағасы Жазбек Әбдиев** тергеу жүргізуші судьяға қатысты бірқатар ой-пікірлерін ортаға салды. Оның айтуынша, тергеу жүргізуші судьяның қызметінің енгізілуі сотқа дейінгі қылмыстық істі зерттеп, зерделеуге, оның ашықтығына игі ықпалын тигізетіні даусыз. Бірақ, осындай қызмет түрін енгізу арқылы біз айыптау бағытындағы тағы бір тетікті іске қоспаймыз ба деген күдігін

білдірді. Сондай-ақ, мұндай судьяларға жүктелетін жүктеме де шамадан тыс көп болмақ. Осыған орай, олар өз міндеттерін ойдағыдай орындай ала ма деген мәселе туындайды.

Жоғарғы соттың доғарыстағы судьясы Раиса Юрченко жаңадан енгізілетін тергеу жүргізуші судьяның өкілеттігі мен қызметі жайында жан-жақты баяндап берді. Жаңа кодексте қарастырылғандай тергеу жүргізуші судья заң бойынша бірінші қатарлы істі жүргізетін судья болып табылады. Мұндай судьяны сот төрағасы судьялардың арасынан өзі тағайындайды және қажет болған жағдайда ауыстыруы мүмкін. Бүгінде батыс елдерінде бұрыннан нәтижелі қолданылып келе жатқан тергеу жүргізуші судьяны енгізу ақсаңқырап тұрған сотқа дейінгі істі жүргізудегі олқылықтарды жоюға, адамдардың құқығы мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етудің сапасын арттыруға игі ықпалын тигізеді деген үміт бар. Осындай жақсы ниетпен қолға алынып отырған осы жаңалықты енгізуге қатысты бірқатар қиындықтар мен түсініксіз жайлар да кездесіп отыр. Мәселен, бірінші санаттағы соттардың бірқатары бір құрамды, яғни онда бір ғана судья қызмет атқарады. Мұндай жағдайда тергеу жүргізуші судья кім болмақ? Бір судья екі бірдей міндетті қатар атқара ала ма? Әрине, қазір алдағы жылдан бастап тергеу жүргізуші судьяларға байланысты барлық бірінші санатты соттарда қосымша штат бірліктері енгізілу көзделгені бұл мәселені шешуге игі ықпалын тигізетіні анық, дегенмен де, бір немесе екі құрамды соттарда егер судья ауырып қалған, болмаса декреттік демалысқа кеткен жағдайларда қиындық туатыны сөзсіз.

Тергеу жүргізуші судьялардың негізгі міндеті сотқа дейінгі істі қарау болып табылады. Бұл өкілеттігін ол санкция беру жолымен жүзеге асырмақ. Заңда 12 түрлі санкция қарастырылған. Оның ішінде айғақтық дәлел болатын заттарды сатуға санкция берумен бірге халықаралық іздеу жариялауға дейінгі маңызды міндеттер бар.

Ақмола облыстық сотының төрағасы Нұрғазы Әбдіқанов жаңа кодекстегі сот актілері бойынша шағымдарды кассациалық тәртіпте қайта қарау мәселесі бойынша енгізілген өзгерістер мен жаңалықтар жөнінде баяндады. Алдағы жылдан бастап күшіне енетін жаңа заңда кассациялық тәртіпте істерді қарау мәселесі оншалықты көп өзгерістерге ұшырай қоймаған. Дегенмен, қазіргі уақыт талабына байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау сапасын жақсартуға игі ықпалын тигізетін біршама өзгерістер мен жаңалықтар бар. Мәселен, жаңа кодекстің 448 бабының 5 бөліміне сай апелляциялық тәртіпте шығарылған сот шешіміне орай шағым сот шешімі шығарылған күннен бастап алты ай мерзім ішінде берілетіндігі көрсетілген. Қазіргі қолданыстағы заңда мұндай шағымды тек үкім күшінен енгеннен кейін ғана беруге болады. Сондай-ақ, жаңа заңда кассациалық тәртіппен істі қарауға шағым беру мерзімін өткізіп алған жағдайда, оны қайта қалпына келтіру мүмкін емпестігі нақтыланған. Кассациалық тәртіпте істі қараудың тағы бір ерекшелігі, ол қарайтын

істің шегі болмайды, яғни барлық сала бойынша істерді қарайды және шығарылған шешімнің заңдылығын, әділдігі мен негізділігін жан-жақты қарап, таразылайды. Жаңа кодекстегі тағы бір жаңалық, кассациялық тәртіпте істі қарауға шағымданушы шағымға жаңа негіздемелер қосуына болады. Бірақ ол кассациялық сот отырысы басталғанға дейін жасалуы тиіс. Жаңа Қылмыстық кодекстің 452 бабына сәйкес, кассациялық тәртіпте істі қарау екі негізде жүргізіледі: біріншісі, апелляциялық сот шешімі шыққаннан кейін, екіншісі, тікелей кассациялық сотқа шағымдану арқылы.

Семинарға арнайы шақырылған бірқатар шет елдік сарапшылар өз елдерінің қылмыстық заңдары жайында баяндап, ой-пікірлерімен бөлісті. **Германияның Ганновер қалалық сотының тергеу жүргізу жөніндегі судьясы Андрэ Зимон** біздің елімізде алдағы жылдан бастап енгізілетінг осы санаттағы судьяның міндеттері мен қызметі туралы әңгімеледі. Ганновер қалалық сотында 600-дей адам қызмет етеді екен. Учаскелік сотта үш бірдей тергеу жүргізуші судья бар. Оның міндеті сотқа дейінгі істердің сотқа сапалы баруын қадағалау. Германияның заңы бойынша орта дәрежелі қылмыс жасаған адам үш жылға дейін іздестіріледі, ал ауыр қылмыс жасаған адам өмір бойы іздестіруде болады, яғни біздегідей, уақыт өтуіне байланысты қысқарту деген болмайды. Орта қылмыстар сотта үш апта мерзімде қаралады екен. Одан кешікке жағдайда сотқа айыппұл салынады. Мұның өзі сот жұмысын созбалақтауға жол бермейді. Ауыр қылмыстық істердің бәрі прокуратура тарапынан тергеледі, ал ұсақ қылмысты полиция өз бетінше жүргізе алады. Жеңіл қылмыстардың көбі айыппұл төлеу жазасымен шектеледі немесе қысқартылады. Куәларды сотқа шақырауда да біздің еліміздегіге қаарғанда көп өзгерістер бар екен. Егер куә сотқа негізсіз себеппен келмесе, әкімшілік жауапқа тартылып, пайыппұл төлейді. Германиядағы ұсақ қылмыстардың бәрі айыппұл салу жазасымен айыпталады. Егер айыппұлды төлеуге шамасы жетпесе, онда қамауға алынады.

Германияның Бонн қаласы учаскелік сотының судьясы Ян Краустың айуынша, сот ісі тек прокуратураның айыптауы жүзеге асқан кезден басталады. Істі қарағанда судья оның заңдылығын ғана емес, әділдігіне де назар аударады. Бұл елде басқа да батыс елдеріндегідей адамның қылмысы мойнына қойылғанға дейін оны айыпты деп санамайды. Сондай-ақ, сот барысында айыпкердің пікірі толық тыңдалады.

Семинарды қорытындылаған **ҚР Жоғарғы соты қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының төрағасы Ақылтай Қасымов** Орта Азия елдерінің көшбасшысы болып отырған экономикалық жағынан қарқынды дамып келе жатқан Қазақстан заң саласында да заман талабына сай дамуға жете көңіл бөліп отырғандығын, соның айғағы алдағы жылдан бастап жаңа қылмыстық кодекстің күшіне енетіндігін атап көрсетті. Бүгінде әлем елдерінің

тәжірибелерінен өткен қылмыстық заң саласындағы озық жетістіктерге негізделген еліміздің жаңа Қылмыстық кодексі азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жаңа сапалық сатыға көтереді деген сенім бар. Заң саласындағы заман талабына сай өзгерістер қылмыстық заңнамамен шектеліп қалмай, алдағы уақытта азаматтық кодекске де осындай жаңалықтар енгізу қолға алынатын болады. Жаңа Қылмыстық кодекспен тікелей жұмыс жасайтын судьяларға заңды, оны қолданудың барлық түйткілді мәселелерін жан-жақты білу қажет екендігі белгілі. Осы орайда, өткізілген осы халықаралық семинардың тигізетін оң ықпалының зор болатыны анық. Жыл соңына дейін осындай семинарлар жергілікті жерлерде де ұйымдастырылмақ.

Үш күнге созылған халықаралық семинардың соңында жаңа қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнамаларды қолдану бойынша тиісті ұсыныстар қабылданды. Алдағы уақытта шараны ұйымдастырушылар семинар материалдары бойынша арнайы әдістемелік жинақ дайындап шығаратын болады.

АҚШ елшісі Қазақстанның қылмыстық құқықты ізгілендіру қадамына оң баға берді

Бурабайда өткен үш күндік қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманың нормаларын қолдану жөніндегі халықаралық семинар шеңберінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының төрағасы **Ақылтай Қасымов АҚШ-тың Қазақстандағы уақытша сенімді өкілі, Елші Джон Ордвеймен** кездесті.

Семинарға арнайы келіп, қатысушылардың алдында сөз сөйлеген Джон Ордвей ұйымдастырушыларға форумға қатысу мүмкіндігін бергені үшін алғысын айтып, бұл шара Қазақстанда жаңа қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнама нормаларын қолданудың жаңа кезеңі басталғанын білдіреді деп атап өтті. Ол қазіргі таңда әлемде қылмыстық заңнаманың адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауда үлкен рөлге ие екендігін айта келе, Қазақстанның қылмыстық құқықты ізгілендіру қадамына оң баға берді.

«Қазақстанның соңғы жылдар шеңберіндегі ең озық халықаралық тәжірибені қабылдауы өте маңызды. Халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу сот төрелігін жетілдіруде қосымша мүмкіндіктер береді» - деді Джон Ордвей.

Өз кезегінде, Ақылтай Қасымов шараға қатысқаны үшін америкалық делегацияға алғысын білдіріп, Қазақстан Орта Азиядағы қарқынды дамушы ел ретінде өзінің қылмыстық және қылмыстық-

процестік заңнамасын жаңартуға да зор мән беріп отырғандығын баса айтты.

Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасының төрағасы қазіргі таңда Қазақстанның Жоғарғы Соты азаматтық процестік заңнаманы әзірлеумен айналысып жатқандығын мәлімдеді.

«Құқық жүйе дамымайынша, ел экономикасының дамуы мүмкін емес. Экономика мен ішкі және сыртқы инвестициялаудың қарқынды дамуы Қазақстан үшін – жағымды құбылыс. Мұның барлығы біздің Елбасымыздың жүргізіп отырған салиқалы саясатының жемісі» - деп атап өтті Ақылтай Қасымов.